

# Тайынша

# Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 51 (903) 25 қараша 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ, ҰРАНЫМЕН ХАЛЫҚ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

20 қараша – еліміздің тарихында маңызы аса жоғары ерекше күн болды. Бұл күні Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтіп, қазақстандықтар алдағы жеті жыл аралығында елдің тізгінін ұстайтын Мемлекет басшысын таңдады.

Орталық сайлау комиссиясының алдын ала мәліметі бойынша, дауыс берушілердің 81,31 пайызы Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдады.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНДА КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ ТҮПКІЛІКТІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтің дерегінше, Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы немесе олардың 81,31%-ы дауыс берген. «Бәріне қарсымын» бағанын 460 484 немесе 5,8% сайлаушы таңдаған. Сонымен бірге, Жигули Дайрабаевқа 271 641 немесе 3,42 пайыз, Қарақат Әбденге 206 мың немесе 2,6 пайыз, Мейрам Қажыкөнеге 200 907 немесе 2,53 пайыз, Нұрлан Әуесбаевқа 176 116 немесе 2,22 пайыз және Салтанат Тұрсынбековаға 168 731 немесе 2,12 пайыз дауыс берілген.

Нақтыланған сайлаушылар тізімдеріне сай, жалпы сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құрады. Оның 8 млн 300 мың 46 адамы немесе 69,44 пайызы дауыс беруге арналған бюллетендерді алды. Дауыс беру күні Қазақстан Республикасы Президентінің кандидатурасын 11 мыңнан аса сенім білдірген адамдары, шетелдік халықаралық ұйымдардың 641 байқаушысы, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса байқаушысы, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушы

сайлауды бақылауды жүргізді. Сайлау учаскелерінде 1225 қазақстандық БАҚ өкілдері, 23 елдің 41 шетелдік БАҚ-тың аккредиттелген журналистері ақпарат таратты.

Айта кетейік, 20 қарашада елімізде кезектен тыс президент сайлауы өтті. Барлық өңірде 10 033 учаске жұмыс істеді. Ал шет мемлекеттердегі Қазақстан өкілдіктері жанында 68 учаске құрылған. Еліміздегі бүкіл сайлаушылардың 69 пайызы немесе 8 млн 282 мыңнан астам адам өз таңдауын жасады. – Осылайша, сайлаудың кеше жарияланған алдын ала қорытындылары ресми келіп түскен хаттамалармен расталды. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңның 9-бабы 1-тармағына, 65-бабына сәйкес, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50 пайыздан астамының дауысын алған кандидат республика президенті болып саналады. Осылайша, 2022 жылғы 20 қарашадағы кезектен тыс сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті болып сайланды, – деді Нұрлан Әбдіров.



## САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – ӘРКІМНІҢ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫ

20 қараша сайлау күні дүние жүзі Қазақстанға көз тікті. Шынымен де елімізде өткен сайлау әлем назарында болды. Демократиялық жолмен өткен сайлаудан ел азаматы ретінде мен де тыс қалмадым. Менің ойымша бұл сайлау Қазақстанның саяси жүйесін толығымен қайта құру жолындағы маңызды қадам болды. Халық қалаулысы ретінде және кәсіпкерліктің де қоғамға пайдасы бар екенін толық сезініп мен елдегі қандай да болмасын саяси оқиғалардан тыс қалып көрмеппін. Өзім бірінші жыл аудандық мәслихат сессияларына қатынасып, халықпен жақын араласып Президенттің бастамаларын, Жолдауларын, Үкімет бағдарламасын үнемі насихаттап, көп нәрсені ұқтым. Ел ішінде бірнеше қоғамдық іс-шараларда жүріп байқағаным, ел -тыныштықты, жақсы тұрмысты қалайтыны, бүгінгідей бейбіт те тыныш мемлекеттің өсіп-өркендеуіне үлестерін қоса беретіндіктерін айтады. Бұл жолы да халық өз таңдауын жасады, Жаңа Қазақстанның болашағына дауыс берді деген ойдамын.

Айгүл ӘБДІРАХМАНОВА,  
аудандық мәслихаттың депутаты.

## МЕН ӨЗ ТАҢДАУЫМДЫ ЖАСАДЫМ

Сайлауға әдеттегідей ертерек барып, өз таңдауымды жасауды өзімнің басты міндетім деп ойладым. Ел болашағы үшін әрқайсысымыздың дауысымыз маңызды сәтте саяси сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу адам таңдаудан қалай ғана сыртқа қаласын. Себебі, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың тұрмысы, жастарымыздың келешегі, сыртқы және ішкі саясатымыз осы сайлаудан кейін ерекше айқындалады. Өз сайлау учаскеме келген кезде көңілге қуаныш сыйлағаны ертемен жастар да келіп дауыс беріп жатты. Алғашқылардың бірі болып аудан әкімі Б.А.Әлжанов өз отбасымен, аудан прокуроры Ғ.Аубакиров, «Аманат» партиясының бірінші орынбасары М.Хамзин және басқа да бөлім басшылары болды. Көппен бірге мен де өз таңдауымды жасадым. Сайлаудан кейін халықтың мандатын алған Президентіміз Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтынына сенімдімін! Еліміздің алдында үлкен міндеттер тұр. Соның бәрін бірлесе атқарсақ, дамыған елдер қатарына қосыларымыз анық. Ертеңіміз жарқын боларына сенемін! Бірлігіміз берік, іргеміз тыныш, келешегіміз кемел бола берсін!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

## БҮГІНГІ КӨРСЕТКІШ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ЖЕҢІС!

Exit-roll нәтижелері белгілі болған соң республикалық қоғамдық штаб мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше, тарихи науқан өткенін айтты.

– Бұл науқанның біздің тарихымызда қалатыны сөзсіз. Exit Poll-дың алдын ала нәтижесі шықты. Әрине, ресми қорытындыны күтеміз. Дегенмен қазірдің өзінде халқымыз маған Президент ретінде және баршаңызға үлкен сенім артты деп айтуға болады. Халықтың сенімі – бұл ең құнды нәрсе. Сондықтан халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне 21 қарашадан бастап бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар, мықты мемлекет құрамыз десек, алдымен әділдік орнату қажет екенін, онсыз ешқандай да реформа болмайтынын атап өтті. Бәріміз бір ұлт, бір қоғам болып іске кірісуіміз керек екенін еске салды.

– Қоғамдық штабқа, сенімді өкілдеріме, еріктілерге рақмет айтамын. Сіздер еліміздің әр түкпіріне бардыңыздар. Ауыл-аймақтар, шалғай елді мекен-

дер назардан тыс қалған жоқ. Ел арасында үгіт-насихат жүргіздіңіздер. Бұл – үлкен жұмыс. Оны мен ешқашан ұмытпаймын. Сол себепті бүгінгі көрсеткіш – бәрімізге ортақ жеңіс. Меніңше, сайлау заңға сәйкес өтті. Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілді. Олар аймақтарды емін-еркін аралады. Сайлаушылармен кездесіп, үгіт-насихат жүргізді. Яғни, ешкімге шектеу қойылған жоқ. Әрбір сайлаушыға өз таңдауын жасауына еркіндік берілді. Сондықтан бұл науқан ерекше әділ, ашық өтті, – деді ол. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауы жаңа саяси дәуірге жол ашатынын айтып, алдағы уақытта басты билік институттары түгел жаңғыртылатынын жеткізді.

– Конституциялық реформаны толығымен және нақты жүзеге асырамыз. Еліміздің саяси құрылысын жаңа қалыпқа түсіреміз. Экономиканы түбегейлі өзгертеміз. Халқымыздың әл-ауқатын арттырамыз. Соның бәрін ойдағыдай атқару үшін бізге бірлік керек. Сондықтан әрдайым бірге болайық! – деп сөзін түйіндеді.

## ШЕКАРАНЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА ДАУЫС БЕРДІ

Шет мемлекеттерде де ҚР Президенті сайлауына орай учаскелер құрылып, шекараның арғы жағында жүрген ел азаматтарының таңдау жасауына жағдай қарастырылды. Мәселен, Мысыр жерінде жүрген жерлестеріміз белсенділік танытты. Бұл туралы Павлодар облыстық «Сауатқа сатау» газетіне тікелей Мысырдан хабарлады. Каир қаласында Қазақстан Республикасының Мысыр Араб Республикасындағы Елшілігі жанында ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы бойынша №251 сайлау учаскесі орналасты. Барлық сайлау учаскелері жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де сайлаушыларға есігін ашты. Ашылу салтанатында ҚР Мемлекеттік Әнұраны шырқалды. Сайлау учаскелері сайлаушылардың дауыс беру үрдісіне қарай өз жұмыстарын жергілікті уақытпен сағат 20.00-де аяқтады. Айта кетелік, Мысыр уақыты Астана уақытымен салыстырғанда 4 сағатқа кейін жүреді.

– Мысырда орналасқан әл-Азхар, Айн-Шамс және Каир университеттерінің студенттері мен елшілік қызметкерлері алдын ала тіркеуден өтті. Жастардың қатарында алғаш рет өз дауысын берген әл-Азхар университетінің араб тілі

факультетінің 3-курс студенті 18 жастағы Абдрашова Набира Махамталиқызы да болды. Бүгінгі сайлау барысында еліміздің азаматтары белсенділік танытуда. Олар Қазақстандағы реформаларды жақтап дауыс беруде, – деді бізге жіберілген хабарламада. Мысырдағы сайлау комиссиясының төрағасы С.Уәлихановтың айтуынша, барлық дауыс беру процесі заңға сәйкес өтті. Ал Павлодар облысының тумасы, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне тусу дайындығына арналған Қазақстандағы алғашқы кітаптың авторы, бүгінде Сауд Арабиясында білімін жалғастырып жүрген Серікболсын Дүйсенбай Жидда қаласында орналасқан №295 сайлау учаскесіне барып, Президент сайлауына қатысты. – Мен Жидда қаласынан 90 шақырым қашықта орналасқан Король Абдулла атындағы ғылым және технология университетінің докторантурасын аяқтап жатырмын. Жақында докторлық жұмысымды қорғадым. Енді желтоқсан айының соңында диплом аламын. Бүгінгі күні аталған қаладағы сайлау учаскесіне келіп, елімнің болашағы үшін таңдау жасадым. Бұл әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақстандықтардың азаматтық борышы әрі міндеті деп білемін, – деді ол.





## БЕЛСЕНДІЛІК ЖОҒАРЫ БОЛДЫ

20 қараша күні сағат 7.00-де Тайынша өңіріндегі барлық дауыс беру учаскелерінің есігі ашылды. Олар сағат 20.00-ге дейін дауыс берушілерді қабылдады. Алғашқылардың бірі болып келген аудан әкімі Б.А.Әлжанов газет тілшілеріне берген сұхбатында: - Бүгін еліміз үшін маңызды күн әрі тарихи оқиға орын алып отыр. Ел азаматтары Қазақстан Республикасының Президенті атанар азаматты таңдауда. Мен де азаматтық борышымды өтеп, өз таңдауымды жасадым, - деді. Жалпы, бұл күні өңір жұртшылығы саяси белсенділік танытып, азаматтық ұстанымы мығым екенін көрсетті. Тіпті, тұрғындар бала-шағасымен тұтас әулетімен барып, бюллетень алып жатты. Аудан бойынша округ тұрғындары елімізде алғашқылардың бірі болып дауыс беруді аяқтады. Сонымен қатар, егде тартқан адамдар, мүгедектігі бар азаматтар мен денсаулығына байланысты сайлау учаскелеріне келе алмаған тұрғындарға үйден дауыс беруге жағдай жасалды. - Елдің ертеңі үшін әр дауыс маңызды. Сондықтан маңызды саяси науқаннан шет қалуға болмайды. Учаскеге бара алмаған қарт адамдарымыз бюллетеньді үйде толтырып, жәшікке салды. Қазыналы қарттарымыздың айтары: -Мемлекетіміз одан нығайып, еліміз аман, жұртымыздың тыныш болсын!

Сайлау күні еліміздің жастары қалыс қалмай, асқан белсенділік көрсетті.- Учаскеге келіп жатқан дауыс берушілердің жүздері жарқын, көңілі көтеріңкі. Әсіресе, жастардың көп екені қуантты, - дейді комиссия мүшелері. Олардың қатарында саяси науқанға алғаш рет қатысып отырған жас буын өкілдері: Каберская Екатерина Алексеевна және Ақылжан Алишер, Петропавл қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12- сынып оқушысы.


- Ел тарихындағы маңызды сайлауға қатысу - ұмытылмас сәттердің бірі. Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде таңдау жасау меніңше, бұл – кәмелеттік жасқа толған әр азаматтың борышы. Бұрындары сайлау учаскелеріне үйдің үлкендері барса, биыл маған да кезек келді деп, алғаш рет осындай ауқымды шараға қатысып, өз пікірімді білдірдім деп қуанышқа бөленген жастар ауданымыздың барлық округтерінде де болды. Мысалы Қарағаш ауылынан студенттер Алина Вручинская, Мұратов Бақытжан алғашқы рет дауыс беріп өз таңдауларын жасады.. Қарағаш ауылының қариялары да сайлауда өз таңдауларын жасап, дауыс берді. Сайлауға қатысқандардың бірі - 93 жасар Балтабаева Қадеш қария болды. Алғашқылардың бірі болып келіп, сайлауға қатынасқандар қатарында жекелеген отбасылар Каретниковтар, Ертайлақов пен Уалиевтар отбасы және Қажыбаевтар отбасы болды. Келлеровка ауылдық округі бойынша да редакцияға жеткен мәліметтерге сүйенсек, ең көп жасаған қарияларымыз осы Келлеровка ауылында бар екен. Олар: Л.С.Лукомская 1932 ж., М.В.Рудковская-1933ж., О.А.Степченко – 1933ж., И.А.Фельцан – 1933ж., және Дариға Арыстанбек 1934ж.А.Э.Финдлинг және Л.И.Финдлинг, В.Н.Гаевская өз таңдауларын жасап, болашақ президенттеріне дауыс берді. Бәрінің де айтары, елімізде тыныштық, бейбіт өмір болып, халықтың жағдайы қазіргіден де жақсы болғаны. «Қариясы бар елдің қазынасы бар», - дегендей Чкалово ауылының бір топ ардагерлері отбасымен келіп алғашқылардың бірі болып сайлауға қатысқанын білдік. Теңдік ауылдық округі бойынша Әлжан тегі Орынбай қажы атамыз бен Балтагереевтар отбасы алғашқылардың бірі болып келіп, президенттікке өз таңдауын жасады. Қайырбекова Баян ұлы Әмір екеуі алғашқылардың қатарында келіп, дауыс берді.

## АРДАГЕРЛЕР ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Күні кеше Қазақстан азаматтары Конституция берген дауыс беру құқығын белсенді түрде пайдалана отырып, өз таңдауларын жасады. Тұрғындар сайлау науқанына үлкен ынты-ықылас білдіріп, Ел Президентінің сайлады. Сайлауға белсенділік танытқан әр азамат тәуелсіз Қазақстанның мақтаныш тұтатыны анық.

Сайлауға қатысу — демократия бағытындағы алға жасалған қадам. Бұл — халық билігіне, барлық қазақстандықтардың билігіне жасалған қадам.

Татьяна ТОРЧИК,  
Чкалово ауылы.



## ӘНШІ ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНДА ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Құрметті отандастар! Бүгін еліміз үшін маңызды күн болды. Мемлекетіміздің перезиденттік сайлауына қатысып өз таңдауымды жасадым. Қолға алған шаралардың басым көпшілігі орындалып, халқымыздың бақытты және баянды күндері көп болғай. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы көтеріліп, Қазақстанның болашағы жарқын, тұғыры биіктей берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, - деді әнші әлеуметтік желідегі парақшасында.





# ТЕРІСКЕЙДЕ ЖАҢА ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ АШЫЛДЫ



**Бүгін Солтүстік Қазақстан облысында Сәбит Мұқанов атындағы қазақ музыкалы-драма театрының жаңа ғимаратының ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев пен облыс әкімі Құмар Ақсақалов қатысты.**

Құрметті қонақтар қатарында Қазақстанның Халық артисі Айман Мұсақожаева, Олимпиада чемпионы Александр Винокуров, Канн кинофестивалінің лауреаты Самал Еслямова, генерал-лейтенант Абай Тасболатов және зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері болды.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

*«Барша қызылжарлықтар үшін айтулы оқиға – Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрының жаңа ғимаратының ашылу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл тарихи сәт еліміздегі театр өнерінің жылнамасына енеді. Егемендік алған жылдар ұлттық мәдениетіміздің қарыштап өрлеуінің жаңа дәуірі саналады.*

*Елімізде жас таланттардың шығармашылық әлеуетін арттыру үшін барлық жағдай жасалуда.*

*Ширек ғасырға жуық тарихы бар Сәбит Мұқанов атындағы қазақ театрының киелі сахнасында 100-ден астам драмалық шығармалар қойылып, көрерменнің көзайымына айналды. Ұжым*



*шығармашылық ізденістің арқасында республикалық және халықаралық театр фестивалдерінде талай биіктерді бағындырды.*

*Өнер ордасының қабырғасынан әлемге танымал киноактриса Самал Ісламова, режиссер Фархат Молдағали сияқты дарынды жастар түлеп ұшты. Қазақ мәдениеті өнердің барлық саласында ғаламдық мәдени мұраның танымал бөлігі болуы тиіс. Сіздерге осы бағытта мол шығармашылық табыс, жарқын ізденістер, сәтті жобалар және көрермендердің махаббатын тілеймін», - деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.*

Қала тұрғындары мен қонақтарын құттықтай отырып, мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Солтүстік Қазақстанның аумағы атақты ақындар мен жазушылардың киелі мекені екенін атап өтті.

«Теріскейдің темірқазық театры жаңа ғимаратқа кіріп, қазақ өнері, ұлт руханияты үлкен қуанышқа кенеліп жатыр. Бұл – тек Солтүстік Қазақстан облысының ғана емес, тұтас халқымыздың ортақ олжасы. Себебі, киелі Қызылжар топырағы – сахараны сахна еткен қаншама сал-серінің киелі бесігі. Ежелден елге тұғыр болған қарт Қызылжар – қазақ өнерінің төрі мен төркініндей.

Бұл берекелі мекенде Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Сафуан Шаймерденов сияқты халқымыздың біртуар тұлғалары дүниеге келген. Сондықтан біз үшін бұл өңір қашанда сазбен сырласып, тарихпен тыныстап жатқандай болады», - деді министр Дәурен Абаев.

Шындығында бүгінгі күн солтүстікқазақстандықтар үшін көптен күткен және елеулі оқиға болғаны анық. СҚО-да бірегей архитектурасы бар тағы бір нысан пайда болды. Алдағы уақытта жаңа қазақ театры қаланың басты көрікті жеріне айналатыны сөзсіз.

«Театр-рухани, мәдени және тарихи орталық. Қоғамды дамыту үшін экономикамен қатар өнер саласын да дамыту керек. Елде білімді, мәдениетті және еркін ойлы азаматтарды қалыптастыру үшін жағдай жасау маңызды. Бізге рухани құндылықтарға негізделген қоғам қажет. Өнерге жақын адам әркез жоғары стандарттарға ұмтылады», - деді Құмар Ақсақалов.

Ресми бөлімнен кейін арнайы шақырылған қонақтар мен өнерсүйер қауым Сәбит Мұқановтың повесі негізінде қойылған «Шоқан» спектаклінің премьерасын тамашалады.

ҚР МСМ баспасөз қызметі.





## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!



Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен «СҚО әкімдігінің Энергетика және ТКШ басқармасы» КММ, «Коммунхоз» МКК басшылары және жол-құрылыс компаниясының басшылығына қатысты жымқыру, пара беру және алу фактілері бойынша қылмыстық іс тергелуде. Олар Петропавл қаласының автожолдарын жөндеуге бөлінген бюджет қаражатын жымқыру, осы жұмыстарды орындаумен байланысты пара беру және алу бойынша күдікті. Мамандандырылған тергеу сотының санкциясымен күдіктілер қамауға алынды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жалғасуда, өзге ақпарат ҚР ҚПК-нің 201-бабына сәйкес тергеу мүддесінде жария етілуге жатпайды.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің Баспасөз қызметі.



тұруға кетуге байланысты төлемдерді алу үшін көші-қон полициясы органдарында белгіленген тәртіппен кетуді ресімдеу рәсімінен өту, басқа мемлекеттің азаматтығын алу, содан кейін Қорға қажетті құжаттар тізімін ұсыну қажет. Зейнеткер немесе БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнет жасына толмаған адам қайтыс болған жағдайда, жинақтар заңнамада белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Сондай-ақ, БЖЗҚ қайтыс болған адамды жерлеуді жүзеге асырған адамға 52 АЕК шегінде жерлеуге біржолғы төлем төлейді. Бүгінде оның мөлшері 166 мың 632 теңге.

**Менің анама БЖЗҚ-да жинақтары бар екендігі туралы sms-хабарлама келді. Бұл не? Өйткені, оның зейнеткерлікке шыққанына бес жылдай болды. Бұл «алаяқтық» емес пе?**

БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп зейнет жасына толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдар бойынша жыл сайынғы салыстырып, тексеруді жүзеге асырады.

Салыстыру барысында БЖЗҚ мамандары зейнет жасына толған және мемлекеттік бюджеттен зейнетақы алатын адамдарға БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне жүгіну қажеттілігі туралы хабарлайды.

Мұның неліктен болып жатқанын түсіндірейік: жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық зейнетақыны тағайындау үшін, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу үшін азаматтар бірыңғай өтінішпен және құжаттар топтамасымен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына ғана жүгінулері қажет.

Алайда 2018 жылға дейін, Сіздің анаңыз зейнетке шыққан кезде, мұндай қызмет болған жоқ: зейнет жасына толған кезде азаматтар Мемлекеттік корпорацияға базалық зейнетақы мен жасына байланысты зейнетақы алу үшін бөлек, ал зейнетақы жинақтарынан төлемдер алу үшін БЖЗҚ-ға бөлек құжаттар тапсырды. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген және мемлекеттік төлемдерді ала бастаған кейбір азаматтар БЖЗҚ-ға төлем алуға өтініш білдірген жоқ.

Дәл осындай өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша Мемлекеттік корпорацияның 1414 Бірыңғай нөмірінен мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөміріне sms-хабарлама жіберу арқылы БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау бойынша жұмыс жүргізілуде. Мұндай хабарламаларды алған адамдарға тек жауап хабарлама жіберсе болды, БЖЗҚ-ға немесе ХҚКО-ға басқа да қосымша өтініштер жіберу және құжаттарды тапсыру талап етілмейді.

Одан әрі БЖЗҚ-дан төлемдер жасына байланысты зейнетақы төлемдерімен бірге мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау кезінде бұрын Мемлекеттік корпорацияға берілген банк шотына есептеледі.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен мерзімі алушының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығына байланысты болады.

**Менің досым зейнетақы жарналарын аудармай, «көлеңкелі» жағдайда жұмыс істеп, «Зейнетақы жинақтарымызды алатынымызға кепілдік жоқ», - дейді... Мен бұған қарсылық білдіріп, мұны заң аясында түсіндірулеріңізді өтінемін. Көмектесіп жіберіңізші?**

Қазақстан - зейнеткерлікке шыққан кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беретін әлемдегі жалғыз ел.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң (5-бап) алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген жарналар мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары мен БЖЗҚ-дағы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді.

Басқаша айтқанда, адам зейнетке шыққан кезде оның жеке зейнетақы шотындағы кірістілік жинақтаушы зейнетақы жүйесінде болған барлық кезеңдегі инфляция деңгейіне қатысты есептеледі. Егер осы уақыт ішінде зейнетақы жинақтарының кірістілігі инфляция деңгейінен төмен болса, мемлекет бұл айырмашылықты өтейді.

Сондықтан салымшылардың жинақтары сенімді қорғалған және бұл қаржы нарықтарындағы оқиғалардың қалай дамидынына және инвестициялық табысқа қатысты жағдайдың қалыптасуына байланысты емес.

Салымшылар зейнет жасына толған кезде мемлекеттің кепілдігі бойынша төлем жасау құқығын алады. Бұдан басқа, бұл құқыққа, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен адамдар, МЗЖ, МКЗЖ аударған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, мемлекет кепілдігі бойынша белгіленеді.

**«БЖЗҚ» баспасөз қызметінің соңғамәліметтері.**

## ЗЕЙНЕТАҚЫ БОЙЫНША 5 СҰРАҚ

**Жасым мен жинағымның сомасы жеткілікті болғаннан кейін, мен оның бір бөлігін сақтандыру компаниясына аудардым. Енді қалған бір бөлігін қайтадан зейнетақы қорына қайтарғым келеді. Бұл мүмкін бе?**

2003 жылдан бері біздің азаматтардың өмірді сақтандыру компанияларымен (бұдан әрі – ӨСК) зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқығы бар. Мұндай шарт азаматтарға зейнеткерлік жасын күтпестен жыл сайынғы индексуді (кемінде 5%) ескере отырып, ӨСК-ден тұрақты төлемдерді өмір бойы алуға мүмкіндік береді.

2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген сақтандыру нарығын дамыту туралы Қазақстан Республикасының Заңымен зейнетақы аннуитеті шарты бар азаматтарға ӨСК-дан ақшаны БЖЗҚ-ға ішінара қайтару құқығы берілді.

Заңды іске асыру үшін 2022 жылғы 20 қазанда тиісті нормативтік құқықтық акт (НҚА) қабылданды. Ол ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң, атап айтқанда, 2022 жылғы 8 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Көрсетілген күннен бастап, зейнетақы аннуитеті шарты бар азаматтар ӨСК-ге өтінішпен жүгініп, зейнетақы аннуитеті шартының ең төменгі құнынан асатын сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтара алады.

Ол үшін зейнетақы аннуитеті шарты ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-нан төмен емес төлемдерді қамтамасыз етуге тиіс жаңа шарттармен қайта жасалады. Сақтандыру ұйымдары сақтанушы өтініш берген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде қайтаруға жататын ақша сомасын БЖЗҚ-ға аударуға міндетті.

**Жақында жеке шағын компанияға курьер болып жұмысқа орналастым. Менің жеке шотыма зейнетақы аударымдары уақытылы түсіп отырғанын білуге бола ма? Оны қалай жасаймын?**

Біріншіден, жұмысқа орналасу кезінде Сіз міндетті түрде жұмыс берушімен еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық келісім-шарт жасасу арқылы қарым-қатынасты рәсімдеуіңіз керек. Екі жағдайда да жұмыс беруші (салық агенті) ай сайын міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) жеке зейнетақы шотыңызға табысыңыздың 10% мөлшерінде аударуға міндетті. Оның жарналарды аудару бойынша өз міндеттемелерін адал орындайтындығына көз жеткізу үшін олардың шотқа түсуін бақылау қажет.

БЖЗҚ салымшыларға түрлі әдістерді ұсынады. Олардың ішінен ең жоғары сұранысқа ие боп тұрған - Қор сайтындағы және БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы Жеке кабинет.

ЭЦҚ немесе ЖСН мен құпиясөзді пайдалана отырып, Сіз кез келген уақытта Жеке кабинетіңізге кіріп, зейнетақы жинақтары мен қаражаттың түсуін көре аласыз. Ол үшін Қор сайтына кіресіз, оның жоғарғы оң жақ бұрышында «Жеке кабинет» деген тиісті жауы бар белгіше орналасқан. Соны басып, «Жеке тұлға кабинетін» таңдаңыз. Жаңадан бастаушылар үшін тіркелу қажет.

Егер электрондық цифрлық қолтаңбаңыз болса, ол Сізге екі жағдайда қажет болады. Біріншіден, ЭЦҚ көмегімен Сіз жай ғана өз кабинетіңізге кіресіз. Бірақ цифрлық қолтаңбаның жарамдылық мерзімі бар және оны егов порталында қайта тіркеу өте жылдам. Десек те, оның көмегімен мынаны бірден жасап алғаныңыз дұрыс: Сіз Жеке кабинетке – «Қызметтер» бөліміне кіріп, деректемелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «ИНТЕРНЕТ - ақпараттандыру әдісін» таңдаңыз.

Егер ЭЦҚ болмаса, Сіз БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне бір рет барып, онда ақпараттандыру тәсілі ретінде интернетті таңдайсыз. Осыдан кейін Жеке кабинетке ЖСН және өзіңіз таңдаған құпиясөз арқылы кіруге болады.

Жоғарғы сол жақ бұрышта «Қызметтер» функциясы бар. Оны басу арқылы қызметтердің түрлері көрсетілген ортақ бөлімге кіресіз. Сізге жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу керек. Өзіңізді қызықтыратын кезеңді көрсетіп, содан кейін алынған үзінді көшірмені компьютерге жүктеуге немесе қалауыңыз бойынша электрондық поштаға жіберуге болады.

Жеке кабинет арқылы шоттың жай-күйін ғана емес, сонымен қатар зейнетақы жинақтарының төлеуге өтініштерді қарау мәртебесін бақылап, деректемелеріңізді өзгертуге, зейнетақыны болжауға және т. б. болады.

Қорда зейнетақы жүйесі мәселелері жөнінде жалпы кеңес алуға болатын 1418 тегін нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

**БЖЗҚ - да қандай төлемдер бар және оларға кімдер құқылы?**

БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне зейнет жасына толған адамдар: ерлер – 63 жасқа толғанда, әйелдер - ағымдағы жылы 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылы - 61 жасқа толғанда құқылы.

Алушылардың екінші санаты - егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар.

Жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық зейнетақы тағайындау, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу үшін бірыңғай өтініш және құжаттар топтамасымен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына ғана жүгіну қажет. Алушыға белсенді, яғни әдепкі бойынша мемлекеттік кепілдікті төлеу жөніндегі қызмет көрсетілетін болады.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін, Қордың тікелей кеңсесіне немесе «Электрондық қызметтер» бөліміндегі сайт арқылы жүгінулері қажет.

Зейнетақы төлемдерін алу үшін қажетті құжаттар тізімі eprf.kz сайтында егжей тегжейлі көрсетілген.

Бұл ретте зейнетақы төлемін алуға өтініш берген күн болып:

- зейнет жасына толған алушылар үшін - өтініш Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күн;
- бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар алушылар үшін, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе - БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не түскен күн есептеледі.

Салымшы 45 жасқа толған кезде, зейнетақы жинақтары республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмаған кезде зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы өз жинақтарын сақтандыру компаниясына аударуға болады.

Бұдан басқа, зейнетақы жинақтары төлемін алуға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету дерегін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда құқығы бар. Тұрақты



# БАНКТЕН ТҮСКЕН ҚОҢЫРАУ: АЛАЯҚТАРҒА СЕНІП, АҚШАДАН ҚАЛАЙ АЙЫРЫЛЫП ҚАЛУҒА БОЛАДЫ...



## FinGramota

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Қазақстандық банктердің клиенттері қалайша қаржы алаяқтарының құрбандарына айналады?

FinGramota.kz «Қазақстан Халық Банкі» АҚ сарапшысы Қанат Елшібековпен тікелей эфир барысында қаржылық қызметтерді тұтынушылар жиі түсіп жататын алаяқтық схемалар туралы білді.

**Бірінші схема** – «қарсы» кредиттер, «қауіпсіз» шоттар және «ұяшықтар»

Ықтимал құрбанның мобильдік нөміріне банктің, Қазақстан Ұлттық Банкінің, полиция немесе прокуратура «қызметкерінің» атынан қоңырау түседі. Қоңырау шалушы сіздің атыңызға кредит алып үлгерген алаяқтардың әрекеттері туралы хабарлайды. Оның күшін жою үшін сізге дереу «қарсы» кредит ресімдеу қажет. Ол үшін банк бөлімшесіне бару немесе дұрысы банктің мобильдік қосымшасына кіріп, жаңа кредит ресімдеп, барлық ақшаны (кредиттік және меншікті қаражатты) өз шоттарыңыздан, соның ішінде депозитте сақталған ақшаны «қауіпсіз» шотқа немесе «сақтандыру ұяшығына» аударуыңыз керек-мыс. Мұндай терминдерді тек алаяқтар қолданады!

**Қаскүнемдер көп жағдайда құрбандардан олардың түрлі банктерде шоттарының және ақша қаражаты қалдықтарының бар-жоғы жөнінде сұрайды, сондай-ақ олар банк клиентінің өзіне ресімдей алатын кредиттің ең жоғары мөлшерін білу үшін оның ай сайынғы кірісінің мөлшерін нақтылайды.**

Азаматтар өз еркімен ақша аударғаннан кейін оны қайтару мүмкін емес, себебі қылмыскерлер қаражатты дереу басқа банк карталарына аударып, содан кейін ақшаны банкоматтар арқылы шешіп алады немесе криптовалютаға айырбастайды.

Әңгіме барысында алаяқтар үнемі әңгімелесушілерді тез шешім қабылдасаңыз кеш болады деп асықтырып, ақшаңызды жоғалтып алу қауіпі бар деп қорқытады. Олардың басты мақсаты – адамдарды дүрбелеңге салу.

**Алаяқтар алдау әрекеттерін телефон қоңырауларынан бастап, ықтимал құрбандарды WhatsApp немесе Telegram желілері арқылы хат алмасумен алдауды жалғастырады. Қаскүнемдер банкте немесе құқық қорғау органдарында жұмыс істейтіндерін дәлелдейтін жалған құжаттарды және «ақшаны үнемдеу туралы» нұсқаулықтарды жібереді. Олар әртүрлі алаяқтық қосымшаларды: Any Desk, TeamViewer және оларға ұқсас қосымшаларды жүктеуді сұрайды, олардың көмегімен банктік қосымша орнатылған басқа біреудің ұялы телефонына қашықтан қосыла алады және карта есінің қатысуынсыз және келісімінсіз ақша қаражатын ұрлауы мүмкін.**

**Екінші схема** – жоғары кіріс алатын ірі компаниялардың жобаларына «инвестициялар»

Интернет және әсіресе әлеуметтік желілер ірі жобаларға, банктердің, қайтаөңдеуші компаниялардың атынан «ғажайып платформаларға» ақша салу туралы ұсыныспен «жалған қаржы компанияларының» жарнамаларына толы. Жалған брокерлер болашақ инвесторларға «байлыққа кенелетін» жоғары кіріс табу көзіне кепілдік беріп, уәде етеді.

Алаяқтар басқа біреудің логотиптері мен брендтерін пайдаланады, әйгілі тұлғаларды «инвестициялық жобаларға» қатысушы ретінде көрсетеді. Мұндай жарнамалардың барлығы жалған, шындыққа жанапспайды және алаяқтық белгілері бар.


Алаяқтардың құрбандары осы схема бойынша өздерінің және кредиттік қаражаттарын жеке тұлғалар – қаскүнемдердің қатысушыларының банктік карталарына аударып, Нәтижесінде олар қандай да бір кіріс көзінсіз, қарыз болып қала береді.

**Үшінші схема** – тегін хабарландырулар

сайттарындағы жалған ақпарат

Сатушыға сатып алушыдан қоңырау немесе WhatsApp арқылы хабарлама түседі, онда сатып алушы тауарды сатып алуға және ақшаны аударуға келісетіні, бірақ басқа қалада не шетелде екенін хабарлайды. Ал шындығында – бұл сатушылардан тауарды курьерлік қызмет арқылы жеткізу туралы өтініш жасайтын алаяқтар. Содан кейін алаяқ WhatsApp арқылы өз құрбанының телефонына сайтқа сілтеме жіберіп, сол сайтта өзінің курьерлік жеткізу үшін төлем жасап қойғанын және тауарды сатып алушыға жеткізу үшін сатушының бар болғаны растауы керек екенін айтады.

Сайтқа өткеннен кейін алаяқ сатушыдан оның төлем түсетін карточкасының деректерін енгізуді сұрайды. Алаяқтың нұсқауларын орындау арқылы ол картаның



16-сандық нөмірін, оның қолданыс мерзімін және картаның артқы жағындағы 3-сандық кодты, сондай-ақ SMS-арқылы келген кодты енгізеді. Содан кейін оның банктік картасынан ақша есептен шығарылады, яғни ондағы тұтастай қаражат алаяқтың картасына аударылады.

*Сарапшы атап өткендей, қазіргі уақытта барлық санаттағы және түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдар, әсіресе мүгедек және қарт азаматтар алаяқтардың қармағына ілініп жатады. Ол қаржылық қызметтерді тұтынушыларға бірнеше ұсыным жасады.*

**Ақшаңызды жоғалтып алмау үшін жеті пайдалы кеңес:**

- Есіңізде болсын, банк ешқашан клиентті асықтырмайды, себебі күдік пайда болған уақытта банк операцияларды бұғаттайды және содан кейін ғана клиентке қоңырау соғады. Банк қызметкері ешқашан қорқытпайды және клиентке қысым көрсетпейді.

- Егер сізге сіздің картаңыз, шотыңыз бойынша жүргізілген рұқсатсыз операциялар туралы хабарлайтын болса және қаражатты «қауіпсіз шотқа», «сақтандыру ұяшығына» аудару туралы өтініш жасаса, онда бұл – алаяқтар.

- Егер сізге кредиттің сіздің атыңызға заңсыз ресімделгені жайында хабарлап, оның «күшін жою» мақсатында «қарсы» кредит ресімдеуіңізді өтінесе, хабарласқандар – алаяқтар.

- Тек алаяқтар ғана ұялы телефоныңызға Any Desk, TeamViewer қосымшаларын орнатуыңызды/жүктеуіңізді өтінеді.

- Абай болыңыз, алаяқтар сіздің дербес әрі төлем деректеріңізге иелік ету үшін, әртүрлі фишингтік сілтемелер жібереді. Сол үшін де, кепілдік берілген жүделердің әртүрлі ұтыс ойындарын және ақша үшін, оның ішінде тиімді «инвестициялық жобаларға» қатысу үшін сауалнама өткізетін сайттарда картаңыздың нөмірін, оның қолданыс мерзімін және үш таңбалы кодты (CVV/CVC), сондай-ақ SMS-хабарламадан тұратын кодты енгізбеңіз.

- Күдікті қоңырау келіп түскенде сізге санкцияланбаған операциялар немесе алаяқтық әрекеттер жайында хабарлаған жағдайда, әңгімені дереу бөліп, банктің төлем картасының келесі бетінде көрсетілген телефон нөмірі арқылы болған жайды хабарлауыңыз немесе банк бөлімшесіне баруыңыз қажет. Банк қызметкерлері одан кейінгі әрекеттерді түсіндіреді.

- Егер сіз алаяқтарға өзіңіз әрі өз картаңыз жайында конфиденциалды ақпаратты хабарлап үлгерсеңіз, онда мобильді банкингтегі аккаунтыңызды (логин) және барлық белсенді карталарыңызды бұғаттау үшін банктің төлем картасының келесі бетінде көрсетілген телефон нөмірі арқылы болған жайды хабарлауыңыз, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгінуіңіз қажет.

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі.**

## ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛЕР ЦИФРЛЫҚ ТАҢБАЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ҮЙРЕНДІ

Бірыңғай оператор Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп Қазақстанның 18 қаласында темекі бұйымдарын көтерме және бөлшек сауда өкілдеріне цифрлық таңбалау жүйесінде жұмыс істеу бойынша оқыту семинарларын өткізді. Екі айдың ішінде семинарға 800-ден астам кәсіпкерлер, есепшілер және еншілес топтардың өкілдері қатысты. Әр қалада ішаралардың қалай өткенін Instagram желісіндегі @markirovka парақшасынан біле аласыздар.

Семинар барысында қатысушыларға тауарды таңбалау және қадағалау ақпараттық жүйесінде қалай жұмыс істеу керектігі түсіндіріліп, кәсіпкерлерге телефон арқылы құжаттарды қабылдап, растай алатын бизнеске арналған Naqty Sauda Akt мобильді қосымшасында қалай жұмыс істеу керек екендігі үйретілді. Жалпы сандық таңбалау экокүйесінде үш мобильді қосымша бар: тұтынушы үшін Naqty Onim таңбаланған өнім туралы барлық ақпаратты алуға мүмкіндік береді; 2D сканерін сатып ала алмайтын бөлшек саудагерлер үшін Naqty Sauda Kassa қосымшасы; бизнес үшін Naqty Sauda Akt қосымшасы, ол қабылдау-тапсыру сертификаттарын растауға және қабылдамауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тренинг барысында спикерлер «Автоматты түрде жүйеден шығару» қызметін таныстырды, оның көмегімен кәсіпкерлер таңбалау кодтарын автоматты түрде жеңілдетілген функция арқылы қабылдау-беру актілерін растайды. Семинарлар Петропавл, Көкшетау, Қостанай, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал, Қызылорда, Түркістан, Шымкент, Тараз, Қарағанды, Астана, Алматы, Талдықорған, Өскемен, Семей және Павлодар қалаларында өтті. Бірыңғай оператор өкілдері семинарға қатысушылардың әрбір өтінішін жеке өңдеп, жүйені оңтайландыру бойынша ұсыныстарды қабылдап алды. Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта бизнестің түсініктемелерін ескере отырып, цифрлық таңбалау жүйесін оңайлату және жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірыңғай оператор процесті бизнес үшін барынша ыңғайлы және бейімделгіш ету үшін Қазақстанның АТ-қауымдастығын цифрлық таңбалау экокүйесін бірлесіп дамытуға шақырды. Қазіргі уақытта АТ-компанияларымен кездесулер өткізілуде және жүйелерді интеграциялау жо-спарлары пысықталуда.

Алтынгүл ЖАҢАБАЙ,

Баспасөз қызметінің хатшысы altyngul.zhanabay@digitaleconomy.kz

## «МОБИЛЬДІ ХҚО» ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ЭЦҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУҒА БОЛАДЫ

Енді ЭЦҚ алу үшін ХҚО-ға барудың қажеті жоқ. «Мобильді ХҚО» қосымшасында ХҚО операторымен бейнеқоңырау арқылы байланысып, ЭЦҚ-ға үйден шықпай-ақ тапсырыс беруге болады.

Бұған дейін компьютері жоқ қазақстандықтарға ЭЦҚ алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына баруға тура келді. Халықтың өтінішіне құлақ асып, Мемлекеттік корпорация жеке және заңды тұлғалар үшін «Мобильді ХҚО» қосымшасында ЭЦҚ алу мүмкіндігін енгізді. Ол үшін қосымшаға кіріп «бейне қызметі» батырмасын басу керек. Оператордың қосылуын күтіңіз, ол жеке күәлік пен SMS арқылы келген кодты сұрап, өтінімді қабылдайды.

«Жыл басынан бері 4 миллионнан астам азамат қызмет алу үшін ХҚО-ға жүгінді. Олардың шамамен 30%-ы ерекше сұранысқа ие ЭЦҚ алу қызметіне тапсырыс берген. Сондықтан біз ХҚО-ға баруды қажет етпейтін мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімді және ыңғайлы амалын ойластыруды мақсат еттік. Қазіргі таңда «Мобильді ХҚО» арқылы 38 қызмет алуға болады. Тізімді әлі де толықтырамыз», - дейді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Сүйеніш Әбділдин.

Сондай-ақ, аталған қосымшада жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын және жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспорттарының телнұсқасын беру, балансты тууына және бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау, жерлеуге арналған бір реттік төлемдерді тағайындау, көп бала-лы отбасына жәрдемақы тағайындау, тұрғын үй көмегін тағайындау секілді ең көп сұралатын қызметтер де бар. Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қызметтерін де алуға болады.

Ақылы қызметтерге тапсырыс беру кезінде төлем шоты екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларына келеді. Клиент бейнеқоңырау арқылы қызмет алу барысында баж салығын бірден төлей алады. Сонымен қатар, қосымша арқылы ХҚО-ға баруды алдын-ала брондауға, электронды кезек талонын алуға, сізге жақын орналасқан ХҚО мекенжайын және өзекті мәселелерді көруге болады. Біз қосымшадағы қолжетімді қызметтер тізімін кеңейту ХҚО-ға келушілер ағынын азайтуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Айта кетейік, бүгінгі күнге дейін 68 мыңға жуық қолданушы ұялы телефондарына «Мобильді ХҚО» орнатқан. Қосымшаны Google Play және App Store онлайн-дүкендерден жүктеп алуға болады.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі.**





Өткен жексенбіде 60 мың жанкүйер сыятын «Эль-Байт» стадионында доп додасының ашылу салтанаты өтті. Шараға Қатар мемлекетінің әмірі Тамим бин Хамад Аль Тани қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Биыл чемпионатта 32 құрама бақ сынамақ. Ойындарды «Qazaqstan» мен «Qazsport» арнасы бір ай бойы үзбей көрсетеді. Ресми іс-шарадан кейін Қатар мен Эквадор құрамасы кездесіп, әлем чемпионатындағы алғашқы ойынды бастады.

2010 жылы әлем чемпионатын Қатарда өткізу туралы шешім Швейцарияның Цюрих қаласында қабылданған болатын. Дауыс беру қорытындысы бойынша Қатар – 14, АҚШ – 8 дауыс жинады. «Әлем чемпионаты өтеді» деген күннен бастап Қатар басшылары жаңадан 7 стадион салыпты. Сонымен қатар, қонақ үйлер, метро, әуежай, ауруханалар мен сауда орталықтары бой көтеріп, жолдарды қалыпқа келтірген. Осыдан-ақ дайындықтың қандай екенін көруге болады. Тағы бір ерекшелігі – чемпионаттың алғаш рет қыс мезгілінде өтуі. Дегенмен, бұл елде қыс болмайды. Ауа температурасы тым жоғары. Сондықтан, ұйымдастырушылар әр стадионға ауа салқындатқышты іске қосып, температураның 27 градустан жоғары болмауын қадағалап отырмақ. Салтанатты шара Қатар мемлекетінің тарихы мен мәдениетін бейнелейтін театрландырылған көрініс, түрлі шоумен басталды. Ең әуелі Голливудтың әйгілі актері Морган Фриман «паралимпиадалық спортшы» арасындағы диалогты сомдады. Осы арқылы бұл доданың күллі әлемге ортақ екенін осы бір көрініс арқылы сүреттеп берді. Бұдан бөлек, маскот шеруі де өтті. Шеруде 1966 жылғы әлем чемпионатында өнер көрсеткен спортшылардан бастап, әлем чемпионатына қатысқан барлық белгілі тұлғалар бой көрсетті. Кореяның супержұлдызы Джон Гук пен Қатар жұлдызы Фахад Әл-Кубаиси бірігіп, 2022 жылғы әлем чемпионатына арнайы жазылған Dreamers композициясын шырқады. Чемпионат алаң қожайындары үшін сәтсіз басталды. Тұсаукесер матчта А тобындағы Қатар мен Эквадор құрамалары кездесіп, 0:2 есебімен алаң иелерінің жеңілісімен аяқталды. Матчтағы екі голдың авторы эквадорлық шабуылшы – Эннер Валенсия. Ол 16-шы минутта 11 метрлік айып добын салып, әлем чемпионатындағы алғашқы голды тіркеді. 31-ші минутта әріптесі Анхело Пресиадонның бер-

# ТӨРТКІЛ ДҮНИЕ КӨЗ ТІККЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ген пасын сәтті қабылдап, қақпаға дәл тоғытты. Осылайша эквадорлықтар алғашқы таймда-ақ мінез көрсетті.

\*\*\*

Төрткіл дүние көз тіккен дүбірлі доп додасы желтоқсан айына дейін жалғасады. Әдетте әлем чемпионаты жаз айларында өткізілетіні баршамазға мәлім. Алайда, Қатарда жаз мезгілінде ми қайнатар ыстық болады. Тіпті бұл елде ауа температурасы жаз мезгілінде +50 градусқа дейін жетеді. Мұндай аптап ыстық әлем чемпионаты барысында футболшылардың денсаулығына қауіп төндіреді дейді мамандар. Сондықтан да ФИФА басшылары 2022 жылғы біріншілігін қысқа өткізу туралы тоқтамға келіпті. Ал финалы 18 желтоқсанға жоспарланған. Айта кету керек, бұл ойын әлем чемпионаты тарихындағы ең қысқа чемпионаттардың бірі болмақ. Чемпионат 28 күнге созылады. 2022 жылғы Әлем біріншілігі Катардың 5 қаласында 8 стадионда өтеді. Айта кетейік, 2022 жылғы әлем чемпионатының финалы Лусаил қаласында болады. Бір қызығы, бұл қала чемпионат үшін арнайы бой көтеруде. Мұндағы «Лусаил» стадионы экологиялық материалдардан салынды. Ал турнир аяқталған соң стадион әлеуметтік нысанға айналады.

## Әлем чемпионаты 8 топқа бөлінді

- «А» тобы Катар, Нидерланд, Сенегал, Эквадор
- «В» тобы Англия, АҚШ, Иран, Уэльс
- «С» тобы Аргентина, Мексика, Польша, Сауд Арабиясы
- «D» тобы Франция, Австралия, Дания, Тунис
- «E» тобы Испания, Коста-Рика, Германия, Жапония
- «F» тобы Бельгия, Канада, Марокко, Хорватия
- «G» тобы Бразилия, Сербия, Швейцария, Камерун
- «H» тобы Португалия, Гана, Уругвай, Оңтүстік Корея

Футболсүйер қауым 20 қараша мен 18 желтоқсан аралығында өтетін чемпионат ойындарын «Qazaqstan» және «Qazsport» телеарналарынан тікелей эфирде көре алады. 20 қараша 20.45-те «Qazaqstan» телеарнасында чемпионаттың ашылу салтанатынан трансляциясы өтті.

Әлем чемпионатының жасы үлкен футболшыларының қатарында әлемге танымал жұлдыз, Португалия құрамасының ойыншысы Криштиану Роналду (37 жаста) бар. Дегенмен ең жасы үлкен спортшы – Канада құрамасының ойыншысы Атиба Хатчисон (39 жас).

Әлем чемпионатын күнделікті «Qazaqstan» ұлттық телеарнасынан және «Qazsport» телеарнасынан тамашалай аласыздар.

Тобы Командалар Алдағы көрсетілім уақыты:

### 25 қараша, жұма

- «G» тобы Бразилия – Сербия 01:00
- «B» тобы Уэльс – Иран 16:00
- «A» тобы Катар – Сенегал - 19:00
- «A» тобы Нидерланды – Эквадор - 22:00

### 26 қараша, сенбі

- «B» тобы Англия – АҚШ - 01:00
- «D» тобы Тунис – Австралия - 16:00
- «C» тобы Польша – Сауд Арабиясы 19:00
- «D» тобы Франция – Дания - 22:00

### 27 қараша, жексенбі

- «C» тобы Аргентина – Мексика 01:00
- «E» тобы Жапония – Коста-Рика 16:00
- «F» тобы Бельгия – Марокко 19:00
- «F» тобы Хорватия – Канада 22:00

### 28 қараша, дүйсенбі

- «E» тобы Испания – Германия 01:00
- «G» тобы Камерун – Сербия 16:00
- «H» тобы Оңтүстік Корея – Гана 19:00
- «G» тобы Бразилия – Швейцария 22:00

### 29 қараша, сейсенбі

- «H» тобы Португалия – Уругвай 01:00
- «A» тобы Эквадор – Сенегал 21:00
- «A» тобы Нидерланды – Катар 21:00

### 30 қараша, сәрсенбі

- «B» тобы Иран – АҚШ 01:00
- «B» тобы Уэльс – Англия 01:00
- «D» тобы Австралия – Дания 21:00
- «D» тобы Тунис – Франция 21:00

### 1 желтоқсан, бейсенбі

- «C» тобы Сауд Арабиясы – Мексика 01:00
- «C» тобы Польша – Аргентина 01:00
- «F» тобы Канада – Марокко 21:00
- «F» тобы Хорватия – Бельгия 21:00

### 2 желтоқсан, жұма

- «E» тобы Коста-Рика – Германия 01:00
- «E» тобы Япония – Испания 01:00
- «G» тобы Гана – Уругвай 21:00
- «H» тобы Оңтүстік Корея – Португалия 21:00

### 3 желтоқсан, сенбі

- «G» тобы Сербия – Швейцария 01:00
- «G» тобы Камерун – Бразилия 01:00

### 1/8 финал

### 3–6 желтоқсан

### 1/4 финал

### 1/2 финал

### 9–10 желтоқсан

### 13–14 желтоқсан

### Үшінші орынға тартыс

### 17 желтоқсан

### Финал

### 18 желтоқсан





# ТУҒАН ӨЛКЕСІН ҚОРҒАУ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫНЫҢ ПАРЫЗЫ



Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қызмет біздің жастарымыз үшін – бұл аға ұрпақтың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген қазақстандық патриотизмнің қуатты, адамгершілік және идеологиялық мектебі.

Еліміздің Қарулы Күштеріне шұғыл әскери қызметке шақыруға бел буған қазақстандықтар майдангерлердің ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің, Ауғанстанда соғысқан сарбаздардың, офицерлердің жанқиярлығы, олардың ерлігі мен орасан зор патриоттық үлгіде тәрбиеленгеніне сенімдімін. Тайынша ауданының балалары әскерде абыроймен қызмет етеді, командирлерден алғыс хаттар, құрмет грамоталарын алады, көбін жауынгерлік және саяси дайындықтағы жақсы көрсеткіштері үшін үйіне демалыспен марапаттайды.

Шынында да, осылайша олар өздерінің болашақ игілігі мен отбасының іргетасын қалыптастырып қана қоймай, ортақ үйіміз - Егемен Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттыруға өз үлестерін қосуда. Осында азаматтарымыздың бірі, жерлесіміз, ауданымызға қарасты Большой Изюм ауылының

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазіргі қазақстандық армия Ұлы даланың батыл батырларының даңқы мен жауынгерлік дәстүрлерін мұра етіп қалдырды және бұл туралы әрқашан есте сақтау қажет. Президент тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.



тұрғыны Дайырбай Ербол Маратұлы әскери борышын атқарып, елге оралды.

Ербол осыдан 1 жыл бұрын Ақмол ауылындағы әскери бөлімшеге шақыртылған болатын. Елден тыс жүрсе де, жүрегі “елім” деп соққан жас сарбаз белсенділік танытып, қазақстандық және әлемдік чемпионаттарда бірнеше дүркін жеңімпаз атанды. Осылайша, Тайынша ауданының атын паш етіп, күні бүгінде ата-анасы мен туған-туысты қуанышқа бөлеп отыр.

Тайынша жұртшылығы сарбазды салтанатты түрде қарсы алып, жылы лебіздерін білдірді. Олардың қатарында, аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Бәтенова, Тайынша ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы подполковник Әділ Мұхамбетов, Большой Изюм ауылдық округінің әкімі Талғат Жүсіпов және басқа да жергілікті атқарушы органдардың басшылары болды. Ал, аудандық үрмелі музыкалық аспаптар оркестрінің мүшелері ән-шашумен мерекенің шырайын келтіре түсті.

**Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын! – Ең бастысы егемен еліміздің көк туы төмен түспей, айбынымыз асқақтай берсін. Өсіп келе жатқан ұрпақтарымыздың жүрегі ел деп соғып, тәуелсіздігіміздің тұғыры бекемделе түссін. Ал, Отан қорғаушыларымыздың еңбегі әрдайым еленіп, әскери қызметтің мәртебесі арта берсін. Өйткені, әскері мықты ел – қуатты ел екені белгілі. Ал, қуатты елдің қашанда іргесін бүтін, халқы бақытты болатыны сөзсіз!**




# ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БІРІ, АҚЫЛ – ОЙДЫҢ ОЙЫНЫ

Құрметті «Тайынша таңы» газетінің оқырмандары! Газеттің осы санында сіздерге «Тоғызқұмалақ» ойынының ережесін жариялап отырмыз. Сіз ұмытып қалғандай жағдай болса, есіңізге түсіресіз, ал бұрын ойнамаған, білмеген жағдайда үйреніп аласыз деген сенімдемеміз.

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз.

## ТАҚТАНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫСЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:



БҰЛ ЖЕРДЕ - №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9 - ОТАУЛАР

Берілген диаграммада бастаушының отаулары төменгіжағында, ал қазандағы құмалақтар саны жоғарғыжағында орналасқан.


Жүріс жасау ерекшеліктері. Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

1. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен біреуін орнына қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады.

Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды.

Мәселен, жоғарыдағы тақтадағы алғашқы жағдайда бастаушы №7 отаудағы 9 құмалағын таратса, соңғысы қарсыластың №6 отауына барып түседі және ондағы 9 құмалақ соңғы құмалақпен 10 болып, ұтып алынады және қазанға салынады.

## СОЛ КЕЗДЕ ТАҚТАДА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ



2. Отаудағы жалғыз құмалақ көрші отауға жүргенде орны бос қалады.

3. Жүріс жасаған кезде отауларға құмалақ салмай немесе 2-3 құмалақ бөліп алып жүруге болмайды.

## ТҰЗДЫҚ АЛУ ЕРЕЖЕСІ


Тоғызқұмалақ ойынында құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде – “тұзды ұй”, қазіргі тілде – тұздық деп атайды.

4. Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде, қарсыластың екі құмалағы бар отауына таратқан құмалағыңыздың соңғысын түсіру керек.

Сонда сол отауда қалыптасқан 3 құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, ойынның аяғына дейін сіздің меншігіңізге айналады.


Енді жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ, міндетті түрде сіздің қазаныңызға салынып отырады.

Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде – X деген шартты таңбамен белгіленеді. Мәселен, төмендегі диаграммаға қарайық.



Осы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудағы 10 құмалағын тарату арқылы, соңғы құмалағын бастаушының №7 отауына түсіріп, ондағы 2 құмалақты үшеу етіп, осы құмалақтарды үткен қатар, осы отауға тұздық жариялайды.

## СОНДА ТӨМЕНДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ



Ендігі кезде бүкіл ойын барысында №7 отау – қостаушының меншігіне айналады.

5. Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отадан ешқашан алынбайды.

6. Тұздық аттас отаулардан алынбайды.


Мысалы, жоғарыдағы диаграммадағы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отадан тұздық алды, енді бастаушы ойыншы ойын барысында бұл отадан тұздық алуға қақысы жоқ.

## “АТСЫРАУ” ЕРЕЖЕСІ

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ таусыла бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.


7. Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады.

8. Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады. Мысалы:




Осы тақтадағы жағдайда жүріс қостаушыдан. Ол №9 отаудағы 3 құмалағын таратады.

Өз кезегінде бастаушы №1 отауға түскен 1 құмалақты жүреді. Қостаушы №9 отаудағы жалғыз құмалақты 1 отауға салады.



Бастаушы кез келген отаудағы құмалақпен, мәселен, 6 отаудағы 2 құмалақтың бірін орнына қалдырып екіншісін 7 отауға көшіреді. Сонда төмендегіше жағдай туындайды:



Осы жағдайда бастаушы отауларындағы барлық құмалақтарды (23 құмалақты) қазанына салып, ойынның есебін жүргізеді.

Есеп 88-74, бастаушы ұтты.

9. Егер “атсырау” жағдайында қосымша жүріс жүрілген кезде, құмалақтар амалсыздан қарсыластың отауларының біріне түсіп, жүріс беретін болса, ойын әрі қарай жалғаса береді.

## ЕГЕР ОЙЫНШЫ ОЙЫН БАРЫСЫНДА 82 ҚҰМАЛАҚ ЖИНАСА ОЙЫН БІРДЕН ТОҚТАТЫЛАДЫ.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЖАЙЫНДА ШЫНАЙЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

“Қазақ халқының ескі мұрасының бірі – Тоғызқұмалақ ойыны. Мұның қашаннан келе жатқаны жөнінде анық мәлімет жоқ. Тоғызқұмалақ ойыны бүкіл Орта Азияда, әсіресе қазақ пен қырғыз халықтарының арасында көп ұшырайды...”

Бұл ойын қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған адамның миы істеп, есепшілігі тез артып, тапқыштық жағы күшеймек”.

С. Аманжолұлы. Көрнекті түрколог ғалым.

“Тоғызқұмалақ ойыны да шахмат, дойбы ойындары сияқты тапқырлықты, мол фантазияны талап етеді. Алайда бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек. Оның басты себебі – тоғызқұмалақ ойынын немесе оның кейбір жеке позицияларын тақтаға қарамай, абстракты түрде ойлау аса қиын”.

Т. Сұлтанбеков. Спорт шебері.

«Тоғызқұмалақ – шахмат, дойбы ойындары сияқты адамнан шыдамдылықты, салқын қандылықты, терең және логикалық ойлауды қажет ететін ақыл-ой спорты. Күрделілігі жағынан тоғызқұмалақ аталған ойындардан кем соқпайды. Тоғызқұмалақтың басқа есеп ойындарынан бір ерекшелігі, бұл – өте нәтижелі ойын, тең ойын өте сирек кездеседі».

С. Тілеубаев, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері.

«Тоғызқұмалақ ойынында түркі халықтарының бай тарихы, этнографиясы, ұлттық дүниетанымы бар».

В. Бутанаев, Хакасия, профессор.

«Спорттың да өнер ретінде таңдап алар түрі көп. Бір түрі – бұла күштің толысуына әкелсе, екінші – жылдамдыққа, үшіншісі – табандылыққа бастайды. Ал төртінші бір спорт түрі жас адам-

ды ойлылыққа, күрделі бір істің күрмеу жібін тез шешуге дағдыландырады. Мұндай спорт түрлерінің қатарына шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сынды спорт түрлері жатады».

Ә. Ақшораяев ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

«Қазақ халқы атам заманнан бері спортқа әуес болған. Атқа шабу, көкпар тарту, ит жүгіртіп құс аулау секілді небір сайыстарға түскен. Соның ішінде адам санасын шынықтыратын ой спортынан да құр алақан болмаған. Адамдарды тәрбиелеу, олардың ой санасын шынықтыру, жетілдіру жолындағы қызық ой спорты турлерінің бірі – қазақтың математикалық «Тоғызқұмалақ» ойыны».

М. Ноғайбаев. Жоғары дәрежелі жаттықтырушы, спорт шебері.

«Тоғызқұмалақ - әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге ерекше күш салады».

М. Шотаев, қоғам қайраткері.

\*\*\*

Тарихына үңілсек, соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғыз-құмалақ жақсы насихатталып жатыр. Белгілі тоғыз-құмалақ маманы Мақсат Шотаевтың айтуынша, қазір бұл ойын, Интернет арқылы жедел дамып келе жатыр. Тоғызқұмалақ - қазақтың ұлттық ойыны және мемлекеттен қаржыландырылатын бір ғана Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясын да құрған бізбіз. Белгілі қоғам қайраткері әрі саясаткер Әлихан Бәйменов әуелі өз қаржысына қаржыландырып әлемдік дәрежеге көтерген бұл ұлттық спорт түрі!

Бұл ойын тікелей тек бір елге ғана тиесілі бола алмайды, себебі тарихи мәліметтер бойынша бұл түркі тілдес елдердің ортақ ойыны болған. Сондықтан біздің бұл жерде тек жасай алатынымыз, тоғызқұмалақ ойынын әлемдік дәрежеде ұйымдастыру!



# ТАРИХ ТАЛҒАМЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

**Жылдар жылжып, ғасыр көшкен сайын қасиеті артып, құндылығы қастерлене түседі. XX ғасырдың басы солақай саясаттың қылышынан қан тамып тұрған тұста, аспандағы жарық жұлдыздай жарқыраған қазақ елінің ер жүрек, батыл, қайсар, ұлтшыл ұлдары кеңес үкіметі құрған қақпанға бірінен соң, бірі түсті. Олардың қатарында: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Елдос Омаров, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов тағы басқа көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары бар еді.**

Еліміз көк туымызды төбемізде желбіреткелі ата-бабаларымыздың елі үшін төккен ерен еңбегін ұлықтау ісі жалғасып келеді. 2022 жыл қазақ әліпбиінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері, қазақ тіл білімінің негізін салушы, әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай еліміздің түкпір-түкпірі өз деңгейінде ғалым шығармашылығын насихаттап жатыр. Ол да дұрыс шығар!!! Ұрпағы үшін атқарған ұлы істерін жастарға насихаттау біздің перзенттік борышымыз. Ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин «...Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті», - дейді.

Алаш көсемдерінің негізгі көздегендері қазақты тар қапастан шығарып, қараңғы қазақтың көгіне өрмелеп шығып күн болу еді. Жарқыраған жарық сәуле алаш зиялыларының маңдайында күнге шағылысқанымен, жылуын шартарапқа шашуға мүмкіндік бермеген тұста дәннен егіп үлгерді. Яғни, 1913 жылдан бастап «Қазақ» атты апталық газет ұйымдастырып, 1917 жылдың қыркүйегіне дейін оның редакторы болады. Ол қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі ретінде де белгілі. Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін А. Байтұрсынұлы біраз уақыт алашордашылар қатарында қалды, ал 1919 жылы бірқатар ғалым-зиялыларымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды.

1922-1925 ж. Халық ағарту комиссариатына қарасты ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды, Халық ағарту комиссары болып сайланды, Бүкіл ресейлік Орталық Атқару Комитетінің Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып жұмыс істеді, одан соң Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің газеті «Ақ жолда» еңбек етті. 1925-1929 ж. Қазақ халық ағарту институтында ағартушылық қызмет атқарып, дәріс жүргізді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1909 және 1911 жылдары оның көпке белгілі «Қырық мысал» және «Маса» жинақтары жарияланды. Ахмет Байтұрсынұлов халықтық көркем сөз өнерінің қорын жинаушы, зерттеп, бастырушы ретінде де көптеген құнды жұмыстар істеді. Ол 1923 жылы жарияланған «Ер Сайын» эпостық жырының кіріспе мақаласын және түсіндірмесін жазды, сондай-ақ «Жоқтау» деп аталатын жинақ (1926), «Әдебиет танытқыш» деп аталатын оқу құралын шығарды. Соңғы еңбек - әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы қазақ тіліндегі тұңғыш көлемді де толымды еңбек.

Ахмет Байтұрсынұлов қазақ балаларын ана тілінде оқыту ісіне арнап тұңғыш оқулықтар жазды. Олардың арасында: «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928) және «Баяншы» (1926) деп аталатын әдістемелік оқу құралдары балаларды оқыту ісі барысында маңызды рөл атқарды. Бүкіл бір халықтың ұлттық тілін түрлеп, әдебиетін жасап, ғылымын жетілдіріп, қоғамдық санасын қалыптастырып, ойын оятқан ірі тұлғалардың бірі, әрі бірегейі.

Ұстаз болуы – жүректің батырлығы, деп Ғафу Қайырбеков айтқандай жүрегінде оты мен шоғы маздап тұрған адам ғана ұлы істі атқара алады. Ұлылықтың бастауы жайында Ахмет Байтұрсынұлов: «Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері дариммұғаллимин (педучилище – Ред.) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школа-

рынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егерде бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса», - дейді.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер- пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүниеге шығару керек. Біз бұларды уақыт жетпейтінше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ, бір жағынан, басқа жұмыспен байланып болғандықтан, бір жағынан, басы ашық мәтбуғамыз болмағандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр.

Оқудың үшінші жағының тіреуі – мұғалім. Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа... кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, біліндірмейді. Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған оқу құралдарын тәртіпсіз жасалған құралдар орнында тұтынады- деген тұжырымды пікір айтып, ұстаздық жолдың бұралаңы көп екенін ерекше ескертті.

Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек нәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы. Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, мал жисаң, өліп қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ.

Орыс данасы Лев Толстой (бала оқытып, тәжірибе жасаған адам): «Жақсы дерік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», - дейді.

Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айрылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Оған біз не істерміз? Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмаса іс қылған қазақ жоқ. Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен зарарына тіпті қарамайды. Жұрт жер кетпесе; менің де жерім кетпес, жұрт жерден айрылса, мен де жерден айрыламын ғой деп еш ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп, сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қоңсы қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Серік Қирабаев: «Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашанда тарих бетінде тұрады», - дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы Қазревком төрағасының орынбасары, әрі оның ішкі істер бөлімінің кеңгерушісі ретінде 1920 жылғы 4-12 қаңтар күндері Орынбор қаласында өткен кеңестердің Бүкілқазақстандық құрылтай съезін шақыру және оның басты саяси құжаты «Қазақ АССР еңбекшілері праволарының декларациясын» дайындауға үлкен үлес қосты. Бұл съезде Ресей Федерациясының



құрамындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасы құрылғаны белгілі. А. Байтұрсынұлы осы Республиканың үкіметі – Халық комиссарлар Кеңесінің құрамына өтіп, оқу-ағарту комиссары (министрі) болып сайланды, ол 1922 жылдан оқу-ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталықты басқарды. Сонымен қатар ол Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті мен Қазақ Республикасы Орталық Атқару комитетіне мүше болды. Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы өзінің әйгілі танытқышын” кітап қып бастырып шығарды. Бұл – біздің жыл санауымыздан үш жүз жиырма алты жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің атақты “Поэтикасы” тәрізді, сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу еді.

А.Байтұрсынұлы туған халқының ғылым – білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», - деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде «Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерінде оқуға керекті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары...

1920 жылы «Баяншы» атты кітабы Қазанда жарық көрді. Еңбек - бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең тұңғыш үлгісі. «Баяншы» еңбегі екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім қазақ тіліндегі дыбыстар нәм олардың жазу белгілері, 2-бөлім дыбыспен жаттығу деп аталады. Еңбектің 1-бөлімінде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы мағлұмат береді. Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дыбысты. Дауысты және дауыссыз дыбыстар деп екіге бөледі. Жуан және жіңішке дыбыстарға толық тоқталады. А.Байтұрсынұлов психология ғылымы саласынан да өзіндік пікірлерімен дараланады. Мәселен, тек «Әдебиет танытқышының» өзінде ғана осы ғылымға қатысты толып жатқан ой – пікірлер мен салықалы түйіндер баршылық. Мұндағы «Көрнек өнері», «Сөз толғау», «Лұғат әуезділігі», «Жан жақтау», «Жан қоштау», «Көріктеу», «Ес ұғымы», «Іс ұғымы», «Зейіндеме» атаулар мен ұғым – түсініктерде, сондай – ақ оның жұмбақ, жаңылтпаш, айтыс, толғау, терме, тақпақ, жоқтау, жарапазан, бата, мақал т.б. әдебиеттану ғылымына қатысты пікірлерінде халықтың психологияның теориялық қисындары үшін іздесе таптырмайтын әдістемелік қазық боларлықтай түйіндер мол.

Ғалымның тіл мен сөйлеу психологиясы жайлы айтқандарды да аса мәнді. «Тілдің міндеті», - деп жазады ол, - ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарар... Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады...Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады...

А.Байтұрсынұлының педагогика, методика, филология салаларында еңбегі зор. Осы жөнінде С.Мұқанов былай дейді: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам -Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай калмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды».

Қорыта келе, ұлылардың ұлы арманының іске асып, Ахмет Байтұрсынұловтың тілегей теңіз еңбегін бүгінгі көреген ұрпақ өз кәдесіне жаратып отыр. Ғалымның тынымсыз жазған еңбектері қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жоймайтынын, өміршеңдігін тағы дәлелдей түсті.

**Жазира Көкбасқызы,  
М. Қозыбаев атындағы ҚҰ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі.**



# ТУБЕРКУЛЕЗ ЖҰҚПАЛЫ ЖӘНЕ ӨТЕ ҚАУІПТІ

*Туберкулез-ежелгі жұқпалы аурулардың бірі. Ежелгі өркениеттердің қазба жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей, туберкулез адамзат сияқты ескі. «Тұтыну», «ақ өлім» - әр түрлі уақытта туберкулезді бейнелі түрде атады.*

Жыл сайын 24 наурызда Бүкіл әлемде туберкулезбен күрес күні өткізіледі. Дәл осы күні 1882 жылы Берлинде доктор Роберт Кох әрқайсымызға қауіп төндіретін осы қорқынышты аурудың ашылғанын жариялады.

Көптеген басқа инфекциялардан айырмашылығы, оның созылмалы және жиі жасырын ағымы бар, бұл науқас адамның туберкулездің таралу ықтималдығын бірнеше есе арттырады. Бір жыл ішінде туберкулездің «ашық» түрімен ауыратын науқас орта есеппен 10-15 адамды жұқтырады деп саналады. Туберкулез-ұзақ мерзімді еңбекке жарамсыздыққа, мүгедектікке әкелетін және жиі өліммен аяқталатын, емдеу қиын ауру. Көбінесе туберкулез тыныс алу жүйесіне әсер етеді (өкпе, бронхтар, плевралар), бірақ басқа органдарға — ішек, бүйрек және зәр шығару жолдарына, сүйектерге, теріге, лимфа түйіндеріне (бұл өкпеден тыс туберкулез деп аталады) зақым келуі мүмкін. Лимфа түйінінің туберкулезі балаларда жиі кездеседі. Аурудың қоздырғышы-туберкулез микобактериясы немесе Кох таяқшасы. Туберкулездің белсенді түрінде Кохтың таяқшасы науқастың өкпесінде тез көбейіп, бейнелі түрде адам тіндерімен қоректенеді, адам ағзасын өзінің өмірлік белсенділігінің өнімдерімен бұзады және ұландырады. Инфекцияның негізгі берілу жолы-ауа тамшылары(жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауаға енетін қақырық, мұрын-жұтқыншақ шырышымен). Туберкулез микобактериясы сыртқы ортада өте тұрақты, ол ондаған жылдар бойы киімде, кітаптарда, жерде, нашар желдетілетін бөлмелерде өмір сүре алады.

Туберкулез ауруының белгілері әр түрлі болуы мүмкін, олар аурудың даму түріне, оның формасына, процестің орналасқан жеріне, адам ағзасының жеке ерекшеліктеріне байланысты. Туберкулездің алғашқы белгілері салмақ жоғалу, қызба, түнде терлеудің жоғарылауы, тәбеттің жоғалуы болуы мүмкін. Туберкулез көбінесе жасырын созылмалы ағымға ие, бұл оның таралу ықтималдығын бірнеше есе арттырады. Бірақ бұл ауыр ауруды уақтылы анықтау оңай, сондықтан емдеуді уақтылы бастау керек, сондықтан медицина қызметкерлерінің бақылауымен ауруды үздіксіз емдеу туберкулездің толық емделуіне әкеледі. Заманауи медицинаның барлық жетістіктеріне қарамастан, профилактикалық іс-шаралар туберкулезге қарсы қоректің жалғыз және тиімділігі жоғары құралы болып қала береді. Шынында да, ауруды емдеуге қарағанда (кем дегенде бірнеше ай) туберкулездің дамуын болдырмау әлдеқайда оңай. Арнайы медициналық профилактикалық іс-шараларға иммундау және профилактикалық медициналық тексерулер жатады. Балаларды БЦЖ вакцинасымен жошпарлы иммундау туберкулездің ауыр түрлерінің дамуын болдырмау үшін жүргізіледі. Бала алғашқы егуді туғаннан кейінгі алғашқы төрт күнде алады. БЦЖ ревакцинациясына 6-7 жастағы Манту теріс сынамасы бар сау, дезинфекцияланбаған балалар жатады. Балалардағы туберкулез инфекциясын анықтау әдісі жыл сайын жүргізілетін және осы қауіпті ауруды анықтауға және алдын алуға мүмкіндік беретін Манту сынамасы болып табылады. Бұл вакцинация емес, тек аллергиялық сынақ. Ол денсаулыққа зиян келтірмейді, температура бермейді, тек жергілікті реакцияны тудырады. Сондықтан, Манту сынамасына бас тарту-ата-аналардың негізсіз қателігі. Бүгінгі таңда фтизиатрлар Жаңа, дәлірек сынақ-Диаскинтестке ие болды, оның орнына емес, Манту сынамасына қосымша. Бұл патогеннің адам ағзасында қаншалықты белсенді екенін, баланың ауырып қалу қаупі бар-жоғын анықтауға мүмкіндік беретін сынақ. 15-17 жастағы ересектер мен жасөспірімдер жылына 1 рет флюорографиялық тексеруге жатады. Флюорографиялық тексеру ауруды емдеу оңай болған кезде туберкулезді ерте кезеңде тиімді анықтауға мүмкіндік береді. Тексеру кезінде тыныс алу жүйесінің басқа қауіпті ауруларының ерте белгілерін (мысалы, өкпе қатерлі ісігі) анықтауға және олардың одан әрі дамуына жол бермеуге болады.

Әр адам өз бетінше ауру қаупін едәуір азайта алады. Дененің жалпы саулығы және дұрыс өмір салты туберкулездің негізгі жаулары екенін есте ұстаған жөн. Өз денсаулығыңыз туралы, Құрметті Қамысты ауданының тұрғындары, жақындарымыз бен айналамыздағы Балалардың денсаулығы туралы ойланаңыз. Жылына кемінде бір рет флюорография кабинетіне барыңыз.

**Бірақ егер сіздің отбасыңызда біреу ауырып қалса, бас тартпаңыз және біліңіз:**

Туыстардың басты міндеті – науқастарды белгіленген емдеу режимін қатаң сақтауға сендіру-үнемі, үздіксіз, ұсынылған мерзім ішінде туберкулезге қарсы пре-



параттарды қабылдау. Дәрі-дәрмектерге төзбеушілік құбылыстары, олардың жанама әсерінің белгілері пайда болған кезде, емдеуші дәрігермен бірге емдеу курсы мүмкіндігінше тоқтатпауға тырысып, оларды жеңуге тырысу керек.

Науқастың тез қалпына келуі, оның туыстары мен достарының инфекциясын болдырмау көбінесе осыған байланысты болады. Бұдан басқа, тиісті уақыт кезеңі ішінде препараттарды тиісті көлемде қабылдай отырып, науқас оның дені сау адамдарға берілуі және дәрілік төзімділігі бар жаңа ауруды тудыруы мүмкін қоздырғыштың дәріге төзімді штаммдары пайда болмауына ықпал етеді. Туберкулезбен күресте сәттілік немесе жеңіліс пациенттің өзіне байланысты. Оның еркі, ештеңеге қарамастан қалпына келу ниеті ғажайыптар жасай алады. Жалпы, туберкулез бүгінгі қоғам үшін таңсық емес. Адамзат одан толық айығу жолдарын жақсы біледі, дәрі-дәрмек пен микробқа қарсы препараттарды табу да қиын емес. Соған қарамастан, жұқпалы дертті толық ауыздықтау мүмкін болмай отыр. Ендеше, туберкулез ауруының белгілері, оның алдын алу туралы не білген жөн, біз туберкулезді қалай жеңеміз, туберкулезге қарсы күресуге қандай үлес қоса аламыз деген сауалдарға жауап іздеп көрелік.

#### Туберкулез белгілері қалай байқалады?

Туберкулез белгілері бірден байқалмайды. Әдетте, ол ұзақ уақыт бойы ағзада дамып, көбіне өкпе тіндерін зақымдайды. Оның белгілерінің жүре келе пайда болатыны да сондықтан. Бірақ көп ұзамай: тоқтаусыз жөтелу, кейде қан аралас қақырық түсу, кеуде қуысының ауыруы, өз-өзін жайсыз сезіну, салмақ жоғалу, қалшылдау сынды белгілер байқалады. Мұндай жағдайда міндетті түрде емханаға барып тексеруден өту қажет.

#### Алдын алу шаралары:

Жаңа туған нәрестелерге перзентханадан шықпай тұрып, туберкулезге қарсы екпе егіледі. Міне, осы екпе құрамында әлсіреген туберкулез таяқшалары болады. Вакцина құрамындағы бактериялар ағзаға түскеннен кейін көбейіп, органдар мен тіндерге орналасады, сол арқылы иммунитет қалыптасады. Перзентханада егілген туберкулезге қарсы екпе адамды ұзақ уақыт бойы осы аурудан қорғайды. Бірақ 7 және 14 жаста вакцина тағы салынады. Мұны қайталап егу деп атайды. Қайта егер алдында туберкулезге қарсы сынама жасалады (Манту сынамасы). Манту — вакцина емес, ол адамның туберкулез ауруын жұқтырған-жұқтырмағанын анықтау тәсілі ғана. Сондықтан одан қорқудың қажеті жоқ. Жалпы, бұл балаларға қолданылатын әдіс. Ал, ересектер жыл сайын (кеуде қуысын) флюорографиялық тексеруден өтіп тұруы тиіс.

#### Өз денсаулығың – өз қолыңда

Жасыратыны жоқ, тұрғындардың басым көпшілігі өз денсаулығына немқұрайлы қарайды. Денсаулықты ауырған кезде емес, ауырмас бұрын, үнемі күту қажет. Адамға берілген күш-қуат пен әр ағза қалыпты тепе-теңдікте, күтіммен жұмыс істеген жағдайда, ағза да Сізге ұзақ қызмет етеді. Себебі, адам ағзасы – өз заңдары бойынша жұмыс істейтін механизм. Таза ұстаса, тепе-теңдік сақталса, ағзаға қандай да бір салмақ түспесе, яғни артық жүктеме болмаса, ол бұзылмайды. Профилактикалық тексерулер мен скринингтерден уақтылы өтіп тұрған жөн. Ағзаның саулығы, негізінен, дұрыс тамақтануға, дұрыс демалуға, қимыл-қозғалысқа, өмір сүру салтына тікелей байланысты. Сондықтан дәруменді, қуатты тағамдармен уақтылы тамақтану керек. Ал салауатты өмір салтын ұстану, белсенді қимыл-қозғалыс денсаулықты одан әрі нығайта түседі. Темекі мен ішімдік алыс болсын. Ағзаның сыртқы әсерлерге қарсы тұру, күресу қабілетін, яғни иммунитетті күшейтейік!

**Ең бастысы — туберкулез жазылатын ауру және оның алдын алуға болады. Жұқтырған күннің өзінде дер кезінде, дұрыс емделсе пациенттің құлап-таза айығып кетуге мүмкіндігі бар. Ол үшін медицина қызметкерлері ғана емес, әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, өз-өзін күтуі қажет.**

Дәрігерлік кеңестер бойынша ақпаратты жинастырған : Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, газет тілшісі.

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨңДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Осы биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидалары «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 46-11) тармақшасына сәйкес әзірленді және биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін айқындайды.

Биологиялық қалдықтар: жануарлар мен құстардың, оның ішінде зертханалық;

түсік тастаған және өлі туылған ұрықтар; мал сою пункттерінде, Тоңазытқыш аулаларында, ет, балық өңдеу ұйымдарында, базарларда, сауда ұйымдарында және басқа да объектілерде ветеринариялық-санитариялық сараптамадан кейін анықталған ветеринариялық тәркілеулер (ет, балық, жануарлардан алынатын басқа да өнімдер); жануарлардан алынатын азық-түлік және азық-түлік емес шикізатты өңдеу кезінде алынатын басқа да қалдықтар.

Жануарлардың иелері жануар өлген, түсік тастаған немесе өлі туылған ұрық табылған сәттен бастап бір тәуліктен аспайтын мерзімде бұл туралы ветеринариялық маманға хабарлауға міндетті, ол тексеру нәтижелері бойынша биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату немесе жою тәртібін анықтайды. Биологиялық қалдықтарды қайта өңдеу немесе көму (өртеу) үшін жеткізу жөніндегі міндет иесіне (фермерлік, жеке, қосалқы шаруашылық, акционерлік қоғам және тағы басқа басшысына) жүктеледі.

Биологиялық қалдықтар қолданыстағы ережелерге сәйкес ветеринариялық-санитариялық кәдеге жарату зауыттарында (цехтарында) қайта өңдеу жолымен кәдеге жаратылады, биотермиялық шұңқырларда зарарсыздандырылады, өртеу арқылы жойылады немесе ерекше жағдайларда арнайы бөлінген орындарда көміледі.

Биологиялық қалдықтарды жерге көму арқылы жоюға қатаң тыйым салынады. Биологиялық қалдықтарды су айдындарына, өзендерге, батпақтарға, сондай-ақ тұрмыстық қоқыс контейнерлеріне тастауға және оларды полигондар мен көму полигондарына шығаруға қатаң тыйым салынады.

Қоздырғыштармен ластанған биологиялық қалдықтар: күйдіргі, эмфизематозды карбункул, ірі қара малдың обасы, түйе обасы, құтыру,сіреспе, африкалық шошқа обасы, ботулизм, құстардың сапачумасы орнында, сондай-ақ мәйітті жағатын пештерде немесе арнайы бөлінген алаңдарда өртеледі;

Биологиялық қалдықтарды дезинфекциялау үшін мал қорымына тастамас бұрын ветеринариялық тексеруден өткізеді. Бұл ретте әрбір материалдың (тегтер бойынша) ілеспе құжаттармен сәйкестігі салыстырылады. Қажет болған жағдайда мәйіттерді патологиялық-анатомиялық ашу жүргізіледі.

Биологиялық қалдықтарды әр тастағаннан кейін шұңқырдың қақпағы мықтап жабылады.

Термофильді бактериялардың әсерінен биологиялық субстрат ыдыраған кезде қоршаған ортаның температурасы шамамен 65-70 градус болады. С, бұл патогендік микроорганизмдердің өлімін қамтамасыз етеді.

Шұңқырды тазалағаннан кейін қабырғалар мен түбінің қауіпсіздігі тексеріледі, қажет болған жағдайда олар жөндеуден өтеді.

Мал қорымының (биотермиялық шұңқырдың) аумағында тыйым салынады:

мал жаю, шөп шабу; жерді және гуманитарлық қалдықтарды одан тыс жерлерге апару, алып кету, әкету. Мал қорымдарындағы ескі үйінділерді міндетті түрде қалпына келтірілуі тиіс. Қорғанның биіктігі жер бетінен кемінде 0,5 м болуы керек. Ескерту. 1-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.12.2016 № 527 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-2. Жануарлар өлекселерін және өзге де биологиялық қалдықтарды жою кезінде осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлардың өлекселерін және өзге де биологиялық қалдықтарды жою туралы акті рәсімделеді. 4-тармақта көрсетілгендерді қоспағанда жануарлар (өлекселерді) және өзге де биологиялық қалдықтарды жою кезінде «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы №7-1/559 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоюсыз міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес, жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлар өнімдері мен шикізаттың жойылуы туралы нысан бойынша акті рәсімделеді.

Марат ТОҚУЖИНОВ,  
Тайынша ауданы орталығындағы «Ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығымен мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры.



## ҒАЛАМТОРДЫҢ ШЫРМАУЫ

Қазіргі жаһандану техника, ғылым дамыған заманда адам өмірін ғаламторсыз суреттеу мүмкін емес. Ол оның күнделікті қажеттілігіне кірген. Бұл әуелбаста АҚШ та өткен ғасырдың алпысыншы жылдары пайда болғанда тек әскери мақсатта ғана қолданатын, кейін жетпісінші жылдары электронды почта пайда болды ол өз кезегінде ғалымдардың арасын байланыстырды. Сексенінші жылдардың басында бұл одан бетер кеңі түсіп, Американың жоғарғы оқу орындарында қолданыла бастады. Ең соңында тоқсаншы жылдардың басында нақтырақ айтқанда 1991 жылы 17 мамырда әлем жұршылығының ғаламторды қолдануға мүмкіндік алды. Осы уақыттан бастап қазіргі уақытқа дейін ғаламтор жұмысы дамуын тоқтатпауда. Адамзатқа қажетті нәрсенің барлығын қамтамасыз етуде. Ғаламтор арқылы үйден шықпай қажетті телефонның, компьютерін сатып алуға мүмкіндігі бар. Қалаған жеріңізге сапар шегіп, әлемнің кез-келген түкіпіріндегі досыңызбен сұхбаттаса аласыз. Қажет десеңіз үш мезгіл тамағыңызды үйден шықпай ақ тапсырыс бере аласыз. Ия пайдасы оның көл кесір. Пайдасымен қатар оның зияны да аз емес. Ғаламторды 21 ғасырдың нәубәті деп айтсақ артық айтқандық емес. Арамызда әлеуметтік желідегі өмірді шынайы өмірден артық санап, ғаламтор шырмауына байланып біраз дүниеден кенде болып жүрген жандардың саны аз емес. Олар үшін бір күн ғаламтордан қол үзіп қалу өмірінің бір бөлшегінен айрылғанмен пара-пар. 21 ғасыр адамының соның ішінде жастардың ғаламтор беттерінде өткізген уақыттары келмесе кетуі – орны толмас өкініш. Біреудің ғаламтордағы еңбегін пайдаланып, «дайын асқа тік қасық» болып жүргендер қаншама. Ғаламторда ешбір шекара болмағандықтан шынайы өмірде тілдесе алмаған, тілдесуге бата алмаған ғашықтарымен байланысқа келіп, талай жанның ары тапталып, талай жанұяның іргесі сөгілуіне себеп болды.

Ғаламтордың негізгі пайдалары:

-Кез келген тақырыпта әртүрлі салада жылдам мәлімет алу мүмкіндігі;

-Өзіңіз қызуғушылық танытқан салалар бойынша мамандармен тікелей байланыса алу мүмкіндігі;

-Басқа елдің, жердің мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысу;

-Электронды почта арқылы хаттар, хабарламалар жіберу;

-Ақша айналымдарын жүзеге асыру;

-Әртүрлі тақырыптардағы онлайн форумдарға, отырыстарға қатысу;

-Қалаған тақырыптағы электронды кітаптар мен газет-журналдарға қол жеткізеді;

-Ислам дінін, құндылықтарын әлемге жаюға мүмкіндік алады;

-Өмірлік тәжірибесімен, білімімен бөлісу мүмкіндігі;

-Ең соңғы жаңалықтарға, статистикаға қол жеткізу;

Тақырыптың өзегі болған ғаламтордың негізгі зияндары:

Бірінші: Ғаламторға тәуелділік;

Көбінесе тәуелділік дегенде темекі, анаша, алкогольді ішімдіктерге тәуелділік деп сипаттаймыз. «Ғаламторға тәуелділік дегеніміз ауру ма?» деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады, яғни, тартысқа толы сұрақ. Егер алкогольді ішімдіктерге тәуелділікті ауыр екендігін бұрыннан-ақ білсек, интернетке тәуелділікті әлі де болса ауруға жатқызбайтындар бар.

Бұл ауруға шалдығудың синдромдары:

- Ұзақ уақыт ғаламторды қолданудан жалықпайды;

- Ол жоқта оған қатты қажеттілікті және өзін жайсыз сезінеді;

- Жанұялық байланыстар үзіледі, жанұя алдындағы міндеттер орындалмайды;

- Оны қолдануды тоқтату жөнінде ұсыныс айтылса қабыл алмайды;

- Қолданушы уақытын азайтуға шамасы келмейді;

- Интернетті әу баста өзі белгілеген уақыттан көп қолданады;

Ғаламторға тәуелділікті алдын-алу жолдары:

- Керісінше істеу; егер адам аптаның барлық күндерінде ғаламтор қолданатын болса, қолданушы уақытын тек демалыс күндеріне ауыстырсын, егер ояңған кезде ең бірінші істейтін ісі ғаламторға кіру болса, оны таңғы асын ішкеннен кейін қарауы емделудің алғашқы қадамы;

- Ескертпе қою; Күнделікті жоспарланған маңызды істерінің уақытын белгілеу және телефон немесе басқа да құрылғылар арқылы ескертпе қою;

- Мақсатты белгілеу; Интернетке не үшін кіргенін ұмытпау тек сол бағытта ғана жұмыс жасау;

- Өзінің дамуына, рухани өсуіне қажетті сайттар тізімін белгілеу, басқа сайттарға қажеттілік болмаса кірмеу;

- Компьютерге немесе телефон құрылғыларына жарнамалардың шығуына тосқауыл қою;

- Ғаламтор қолдану уақытын азайту мысалғы алғанда аптасына қырық сағат қолданса, оны біртіндеп отыз бес сағатқа кейінгі аптада отыз сағатқа азайту;

- Бос уақытын жанұямен өткізу, өзіне ұнайтын қызуғушылық түрін ойлап шығару;

Екінші: Интернетті пайда болуымен танысып, тілдесу сайттары көбейді;

Осы сайттар арқылы адамдар туыстары, достары, жұмыстағы әріптестерімен байланыс құруға мүмкіндік алады. Алайда бұл біз ойлағандар әрдайым шариғат шеңберіне кіре бермейді. Ғаламтор қолданушылардың көбі жақын туыстармен араласпай, өзге жат адамдармен араласып, ешбір бақылаушы, қадағалаушы болмай, виртуалды тұрғыда байланыс құрғанда сезімдеріне ерік беріп, тікелей кездескен кезде айта алмайтын сөздерін жеткізіп жатады. Жайшылықта екі сөздің басын құрай алмайтын кейбір жастар мұндайда сезім қытығын келтіретін сөздерді тауып, қиыннан қиыстырып, талай жанның жүрегінде махаббат ұшқынын лаулауда. Әлбетте, бұның барлығы шариғи шеңберде қатаң тыйым салынады. Бұл Алланың харам еткен зинасына апарар жолдардың бірі.

**Мақаланы көпшілік назарына ұйымдастырып дайындаған: Хамзат Қажымұратұлы ӘДІЛБЕКОВ,**

**Солтүстік Қазақстан облысының Бас имамы.**

## ДӘРЕТ АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Дәрет – белгілі ағзаларды тәртібіне сай жуу және масіх тарту арқылы орындалатын тазалық. Дәрет алудың маңызы мен рухани пайдалары жайында хадистерде былай делінген:*

“Бір мұсылман дәрет алған кезде қолдарын жуғанда қолдарымен жасалған күнәлары, бетін жуғанда көздері арқылы жасалған күнәлары, басына масіх тартқан кезде құлақтарымен тыңдап-естіген күнәлары, аяқтарын жуарда аяқтарымен жасалған күнәлары кешіріледі.”

“Кімде-кім дәретін толығымен алып, артынан: “Эшһәду әнлә иләһә иләлләһу уәхдәә лә шәрикәдәһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән әбдүүһ уә расулүһ” десе, оған жәннаттың сегіз есігі ашылып, қалаған есігінен кіреді.”

Дәреттің денсаулығымыз үшін көптеген пайдасы бар. Дәрет алған мұсылман қоршаған ортамен үнемі байланысты болып, кірленген мүшелерін жиі-жиі жуып тазартады және ластан, кірден пайда болатын аурулардан осылай өзін қорғайды.

### ДӘРЕТТІҢ ПАРЫЗДАРЫ

Дәреттің төрт парызы бар:

- 1) Бетті бір рет жуу;
- 2) Қолдарды шынтақпен қоса бір рет жуу;
- 3) Бастың төрттен біріне масіх тарту;
- 4) Аяқтарды тобықпен қоса отырып бір рет жуу.
- 5) Осы парыздардың біреуі кем болса, дәрет дұрыс болмайды.

### ДӘРЕТ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?

Алдымен жең шынтақтан жоғары түріледі, мүмкіндігінше құбыла жаққа қарай бұрылу керек. Бұдан кейін “Ниет еттім Алла разылығы үшін дәрет алуға” деп ниет етіліп, “Әғузу билләһи минәш-шәйтанир ражим, Бисмилләһи рахманир рахим” деп айтылады. Содан кейін рет-ретімен:

Қолдар білекке дейін үш рет жуылады, саусақта жүзік болса, қозғап, астын жуу керек. Содан соң оң қолмен ауызға үш рет бөлек-бөлек су алып, әр алғанда жақсылап шайқау керек. Содан кейін оң қолмен су алып, мұрынға үш рет су тартыла және сол қолмен сіңбіріп мұрын тазаланады.

Содан соң бет толығымен үш рет жуылады. Содан кейін әуелі оң қол үш рет шынтақпен қоса, содан соң сол қол үш рет шынтақпен қоса жуылады.

Одан кейін қол тағы да сумен шайылып, оң қолдың іші және саусақтармен басқа масіх тартылады. Содан кейін тағы да қолға су алынып, қолдың сұқ саусағымен құлақтың іші, бас бармақпен сыртына масіх тартылады. Қолдың қалған үш саусағымен мойынның артқы жағынан масіх тартылады.

Содан кейін әуелі оң аяқ, содан кейін сол аяқ тобықтарымен қоса үш рет жуылады. Аяқтарды жуған кезде, оң аяқтың кішкентай бармағынан бастап рет-ретімен сол аяқтың кішкене бармағына қарай жуған жөн. Аяқтарды жуғанда бармақ араларының жақсылап тазаруы-на мұқият болу керек.

Дәрет біткен кезде құбылаға қарап “Кәлима-и шәһадат” оқылады. Парыздарын, сүннеттерін және әдебін толық орындай отырып, толығымен дұрыс алынған дәрет осылай болады. Дәрет алған кезде оқылатын дұғалар бар (Дәрет дұғалары кітап соңында берілген). Олардың оқылғаны жақсы. Оқылмаса да дәрет толық болып есептеледі (Дәрет алудың бейнелерін кітап соңынан көруіңізге болады).

### ДӘРЕТТІ БҰЗАТЫН ЖАЙТТАР:

Дәрет төмендегіндей жағдайларда бұзылады:

- 1) Дененің қандай да бір жерінен қан, ірің және су шығу;
- 2) Ауыз толтырып құсу;
- 3) Түкірген кезде түкірігінің жартысы немесе көбі қан болу;
- 4) Кіші немесе үлкен дәретке отыру не жел шығару;
- 5) Есінен тану, мас болу;
- 6) Намазда күлу (Намаздан тыс күлу дәретті бұзбайды);
- 7) Ұйықтау.

### ДӘРЕТСІЗ ОРЫНДАУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАЙТТАР:

- 1) Намаз оқуға болмайды;
- 2) Құран Кәрімді ұстауға болмайды;
- 3) Тиләуәт сәждесін жасауға болмайды;
- 4) Қағба тауап етілмейді (Қағбаны тауап ету үшін дәрет алу әуажіп).

**Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,**

**Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.**

## ӨМІРІНІҢ МӘНДІ ДЕ СӘНДІ БОЛУЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗ СЫРЫ – ЖАРТАҚАННЫҢ ТҮЗУ ЖОЛЫН ТАҢДАУЫҢДА ЖАТЫР

Біз бәріміз қарапайым пенделерміз. Сондықтан тіршілігімізде қиындықтар болып, тілегімізге жетпей шаршап жатсақ, жігерсіздігімізді білдірмеу үшін өзімізді өзгелер алдында ақтап алуға тырысамыз. Бұл әлсіздік пе? Жо-жоқ, бұл нағыз жігерсіздік. Қамшының сабындай қысқа өмірде әрқайсымызға берілген азды-көпті ғұмыр бар, сол өмірді мәнді өткізу соншалықты ауыр болар ма еді, шіркін?! Біз неліктен айналамыздағы адамдардың тағдырына назар аудармаймыз? Неге қара басымызды ғана ойлаймыз? Не деген өзімізді білеміз? Біздің өзімізді білеміздің кесіренен кедейлер байымайды, жарлылар жетіспейді, жесірлердің жанарынан жас құрғамай, ерлеріміз езіліп, аяқ асты болып жата береді. Мұның барлығы біздің пиғылымызға сай беріліп жатқан сынақты күндер. Бір адамның тағдыры, бір әулеттің ғана емес, Отанның тағдыры. Ендеше біз неге бауырларымызға, айналамызда жүрген жақын жандарға көмек қолымызды созбаймыз? Біреудің кемшілігін бетіне басып, қиыншылығын пайдаланып, қалай да мұқатсам, жылатсам, тарықтырып, тоздырып жіберсем деген теріс пиғылдың қандай қажеттігі бар, осы адамдарға? Аз ғана өмірлік тәжірибемде мінезі қиын адамдардың өзгеге тілеген жаман ниеттерінің зардабын өздерінің ғана көріп жатқанына талайдан күә болып келемін. Бұл маған сабақ. Сіздерге де сабақ болуға тиісті. Қуаныш та, қайғы да, тоқшылық та, жоқшылық та ниетіңе сай кезек-кезек алмасып келіп отырады. Бұған наныңыз. Ол – шындық....

Құдайға шүкір, басымызда ашық аспанмыз тұр, өз Отанымызда өмір сүріп жатырмыз, не әрекет жасасаң да мүмкіндік бар. Осыншама нығметті неге оңынан пайдаланбасқа?

Бір-бірінен қызғанып, өзгеден артық қарманып қаламын деген адамдар бір сәт болса да: «Айналамдағы адамдарды жақсы көрейін, оларға қошемет жасап, жанын жадиратайын, қолымнан келгенше жәрдем берейін» деп ниет етсе, артынша сол ниетіне сай керемет бір сый боларына көзі жеткен болар еді. Күн сайын әлемде әртүрлі апаттар болады. Қаншама адамдар бақилық болып, қаншасы үй-жайынан айырылып, тозып жатыр. Бұл апаттар мен айналамыздағы жоқшылықтың себептері неде деп ойлану кердіңіздер ме? Меніңше, мұның барлығы да жер бетіндегі адамзаттың пиғылына сай көрсетіліп жатқан сынақтар. Себебі, әрқайсымыздың ойымыз, біреуге қасақана жасаған жамандығымыз алдымыздан шығуда, оның зардабын айналып келіп, өзіміз ғана тарту дамыз. Менің қателігімді, менің ойымды ешкім білмейді деп ойламаңыздар. Оны білетін бір Алла Тағала. Одан ешнәрсені де жасыра алмайсыз. Өміріңнің мәнді де сәнді болуының жалғыз сыры – Жартақанның түзу жолын таңдауыңда жатыр. Ол жақсыларды ғана жарылқайды. Жолым болғыш деп ойлап қалып, күпірлікке салынып кетпеңіз, мұның барлығы да сынақты күндердің бір мезеттегі эпизодтары ғана...

**Ізгі ниетпен, Меруерт Әбдірайымқызы, журналист.**

## МҰНЫ ДА БІЛЕ ЖҮРЕЙІК, АҒАЙЫН

Бала тәрбиесіне әке де, ана да бірдей жауапты. Бұл тұрғыда адамзаттың абзалы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің бір хадисінде: «Ер кісі отбасының бақташысы. Сондықтан да ол қол астындағыларға жауапты», – дей келе, хадистің жалғасында: «Әйел – өз күйеуі мен үйінің және балаларының бақташысы, сондай-ақ, сол үшін жауапты», – дейді. Ислам осылайша отбасындағы ер мен әйелдің рөлін анықтап берді. Ер мен әйел бір-бірі үшін де, балалары үшін де жауапты болып табылады. Дей тұрғанмен, бүгінгідей әлеуметтік жағдай маңызды болып тұрған тұста, кей жағдайларда әкенің тарапынан балаға қажетті деңгейде көңіл бөлінбей жатады. Себебі, жұмысбастылықты желеу ететіндер отбасы тәрбиесіне келгенде, көп нәрсені әйелге «ысырып» қоя салады. «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген аталы сөз ұлға – әкенің, қызға – ананың берер тәрбиесінің маңызды екендігін ұғындыратындай. Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастар болған (тозақ отынан) құтқарыңдар». («Тахрим» сүресі, 6-аят). Осы аяттағы «құтқарудың» мағынасын Әли ибн Әбу Тәліп (Алла оған разы болсын): «Оларға ғылым-білім үйретіп, әдепке баулыңдар»,– деп түсіндірген. Ал, Хасан Басри: «Аллаға мойынұсынуға бұйырып, ізгілікті үйретіңдер»,– деген. Яғни, баланы жамандықтан қайырып, жақсылыққа баулу, оған ілім-білім үйрету – ата-ананың басты міндеті. Жас шыбықты қалай баптасаң, солай өсетіні секілді, баланы теріс әдеттен аулақ қылып, қатесін уақытылы түзеп отырсаң, әдепті болып өсері анық. Ізгі ұрпақ тәрбиелегені үшін ата-анаға осы дүниеде де, ақыретте де үлкен құрмет, шексіз қошемет бар.



## БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Тайынша қаласы «АМАНАТ» партиясының мәжіліс залында өткен кезекті бос орындар жәрмеңкесінде ауданның кәсіпорындары мен ұйымдары 92 бос жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңкеге ауданның 15 кәсіпорны мен ұйымдары, сондай-ақ Тайынша ауданының прокуратурасы және аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі қатысты. Ең көп сұранысқа ие болғандар - техникалық, жұмысшы, педагогикалық және медициналық мамандықтардың қызметкерлері.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Раушан Өтелбаева іс - шараның негізгі мақсаты-аудандағы әлеуметтік ахуалды жақсарту, жұмыссыздар санын азайту, жұмыс іздеп жүрген адамдарды, оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу екенін хабарлады.

Аудан прокуратурасы өз сөзінде 2022 жылғы 5 қарашада Мемлекет басшысымен «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына қол қойылғанын атап өтті. Прокурорлардың қадағалау қызметін күшейту мақсатында прокурорлық қадағалаудың жаңа актісі енгізілді - заң бұзушылықтарға жол бермеу туралы түсіндіру.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысына сәйкес, көмелетке толмаған балалардың мүддесі үшін, сондай-ақ мемлекет пайдасына алимент бойынша берешегі бар адамдарға орындаудан ауытқу үшін, ҚР ӘҚБтК 669-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін. Оның үстіне, ҚР ҚК 430-бабына сәйкес сот актісін алты айдан артық орындамаған адамға сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстар түріндегі қылмыстық жауапкершілік не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Жұмыс іздегендердің арасында пробацациялық бақылауда тұрған және алименті бойынша берешегі бар адамдар шақырылды. Оларға осы жәрмеңкенің бос орындарын пайдалану, жұмысқа орналасу және адал және шынайы жұмыс істеу ұсынылды.

Бос орындар жәрмеңкесі барысында жұмыс іздеген азаматтарға тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу үшін 11 жолдама берілді. Халықты жұмыспен қамту орталығында 2023 жылы қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтуге ниет білдірушілерді тіркеу жалғасуда, 2023 жылға субсидияланатын жұмыс орындарына өтінімдер жинау жүргізілуде, жұмыссыз азаматтардың қолда бар бос жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары» КММ жер қатынастары саласында халыққа келесі мемлекеттік қызметтер көрсетеді:

Қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тегін көрсетіледі [www.egov.kz](http://www.egov.kz) электрондық нысанда 4 жұмыс күні ішінде. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекітуге өтініш; 2) электрондық жерге орналастыру жобасы.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері: 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынған материалдардың, деректердің және мәліметтердің 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 151-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы к., 206 мекенжайы бойынша: «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары» КММ қосымша кеңесті алуға болады немесе

22-6-97 телефоны арқылы, сонымен қатар, [ozo-tsh.sko.kz](http://ozo-tsh.sko.kz) интернет-ресурсында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде қосымша кеңесті алуға болады.

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден бастап жұмаға дейін (қоса) 9.00 – ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.

## ОҚЖЕТПЕС ТАУЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Орынбай ЖАНАЙДАРОВ,

жазушы, Халықаралық әдеби «Алаш» сыйлығы мен М.Жұмабаев атындағы сыйлықтың иегері, Көкшетау гуманитарлық-экономикалық университетінің құрметті профессоры.

Жеке батырға дейін бе, әлде, сонан кейін бе, кім білсін, әйтеуір мынау жарық дүниеде сол Бурабайда Оқжетпес деген батыр өмір сүріпті. Ол кішкене кезінен-ақ ақылы мен күшінің зорлығымен айналасына танылады. Бала күн санап емес, сағат санап өседі, он жасында бойының ұзын болып өскендігі сонша, құрдастарының көкке атқан жебесі оның кеудесіне де жетпейді. Сондықтан жұрт оны Оқжетпес деп атап кетеді. Тірі кезінде-ақ аңызға айналды, бәрі оны мақтан тұтып, сүйсінеді. Бойы қандай биік болса, күш-қайраты да сондай жойқын болады. Бірде-бір ат, бірде-бір түйе Оқжетпестің өзі мен ауыр қару-жарағын көтере алмайды. Сондықтан ол алып пілге мініп жүреді. Қазақ халқының тарихында Ұлы далада бірде бір он жылдық соғыссыз, мамыражай тыныш өткен емес. Жаулар бейбіт халыққа құдды аш қасқырлардай үйір-үйірімен анталап, маза бермеген. Әр жолы Оқжетпес батыр олармен теріскей шекарада шайқасып, дұшпандарды әрқашан жеңіп, тым-тырақай қуып тастап отырды. Кезекті шапшаңшылық кезінде жаулардың көп болғандығы сонша, оларды тіпті санау да мүмкін емес еді. Оқжетпес алып бірнеше күн тынымсыз айқасқа да, жау сарбаздарының қатары азаймады, қайта көбейе түсті. Өлген екеу-үшеудің орнында төртеу-бесеу пайда болды, құдды олар, ертегідегі айдаһардың шабылған бастары сияқты қайтадан өсіп жатқандай. Сонда да болса алып Оқжетпес жауды жапырап жіберді. Олар аяушылық етуді сұрап, тым-тырақай қашты. Қаншама күн ұйықтамай әбден қалжыраған батыр олардың соңынан қуаламады. Аспанды күркіреткен зор даусымен жаудың соңынан бірнеше мәрте ақырып жіберді де, өзі шамалы дем алуды ұйғарды. Ол күміс көлдің жағасына отырып, сауытын ағытып, киімін шешіп, парызын өтеген, жайланған көңілмен күміс толқындарға құйып кетті. Бұл көл суының жараға шипа қасиетін қазақтар жақсы білетін. Әркез ғаламат шайқастардан кейін батырлар көл жағасында тоғысып, шипалы суға түсіп, жарақаттарын емдейтін. Енді Оқжетпес те суға рахаттан жүзіп,

маңайында бес шақырымдық толқындарды жеңкілдіре тұлалты. Алып батыр шомылғаннан кейін тынығайын деп Көкшетау баурайындағы сұңғақ та сымбатты қарағайлар арасындағы көкөрай шалғынға жантайды. Тұған жерін жау шапқыншылығынан құтқарып, көңілі орныққан аңғал батыр шаршағынынан сақтықты ұмытып, ашақсыз ұйықтап кетті. Бірақ зұлым жау соңдарынан ешкім қуаламаған соң, кейін қайтып, Оқжетпестен қайтадан шайқасуға ұйғарған еді. Енді олар айлаға жүгінді. Өздерінің жансыздарын жіберіп, алыпты аңдытып қойды. Сөйтіп олар қас дұшпаны Оқжетпестің тау етігінде ұйықтап жатқаны жайлы хабарды естіді. Сол-ақ екен қисапсыз жау сарбаздары батыр ұйықтап жатқан жерге лап лап қойып, тарпа бас салды. Олар ұйқыдағы батырды арқандап, байлап алмақшы болды. Бірақ ол осы кезде оянып кетіп, қолында қаруы болмағандықтан жерден қарағай, қайыңдарды түп тамырымен қопара жұлып алып, жауды осы ағаштармен жайратып жайпай бастады. Бұл жолы жау бұрынғысынан да көп еді. Олар қырылғанына қарамастан, үсті үстіне шабуылдай берді. Осы шақта батыр да өзінің ажал сағаты соққанын түсінді, өйткені ол таусылмас жау мен толатамас шайқастардан әбден шаршаған еді. Бір мезгілде аяғы тасқа сүрінген Оқжетпес жерге қопарыла құлап түсіпті. Сол сәтте жаулар оған құмырсқадай жабылып, аяқ-қолын жалма-жан жіппен байлап бастады. Бірақ Оқжетпес батыр тұтқынға түсуші ме еді! Ол бар дауысмен аспанға жалбарына: «Уа, Құдіретті Көк Тәңірі, мені жауларыма қор ете көрме! Одан да мені тасқа айналдырсаңшы!» деп айқай салды. Аспан жүрек жұтқан ердің арызын естіп, оны толағай шыңға айналдырды. Алыптың жаугер пілі иесінің шайқаста қаза тапқанын көріп, шыңға келіп, оның төбесіне жатты да, ол да тасқа айналып, қатып қалды. Біздің бабаларымыз Оқжетпес шыңы мен оның төбесіндегі піл тәрізді үлкен тастың пайда болуы жайында осындай сыр шертеді.

## 2022 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА БАЛАЛАРҒА 324 МЛРД ТЕҢГЕГЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

МӘМС жүйесін енгізу балалар денсаулығы профилактикасына және оларды емдеуге көбірек қаражат бөлуге мүмкіндік берді. Бір бала үшін жұмсалатын денсаулық сақтау жүйесінің шығындары 22 %-ға өсті. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында балаларға медициналық көмекке қанша қаражат жұмсалғаны туралы есеп берілді.

Өздеріңіз білетіндей, 2022 жыл Балалар жылы болып жарияланды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазақстандық балалар МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылғанын еске салды. Олар үшін жарналарды ЖСН алған сәттен бастап көмекке толғанға дейін мемлекет төлейді. Бұл балаларға ТМҚК аясында ғана емес, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне кіретін медициналық көмекті де алуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында хабарлағандай, емханаларға тіркелген балалар саны жыл сайын артып келеді. 2020 жылы туғаннан бастап 17 жасқа дейінгі 6 млн 290 мыңға жуық, 2021 жылы 6 млн 467 мыңнан астам, ал 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 6 млн 568 мыңнан астам бала тіркелген.

Өткен жылы балаларға ТМҚК және МӘМС аясында жалпы 350 млрд теңгеге медициналық көмек көрсетілді. Биыл 33 %-ға өсім күтілуде. 2022 жылдың 9 айында 324 млрд теңгеге медициналық қызметтер көрсетілді.

Шығыстардың негізгі үлесін амбулаториялық-емханалық көмек (53%) құрайды. Ағымдағы жылдың 9 айында оған 232 млрд теңге жұмсалды.

Осы кезеңде балалар тәулік бойғы стационарларда 300 мың жағдайда 70 млрд теңгеге жуық, күндізгі стационарларда 39 мың жағдайда 3 млрд теңгеге жуық қаражатқа емделді. Бұдан басқа, ауылдық стационарларда 15 млрд теңгеден астам сомаға 120 мыңға жуық бала ем алды. 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша балаларға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге 768 жағдай бойынша шамамен 3,4 млрд теңге бөлінді.

Солтүстік Қазақстан облысында тәулік бойғы стационарларда 7,9 мың жағдайда 1,4 млрд теңгеге жуық, күндізгі стационарларда 0,5 мың жағдайда 34,5 млн теңгеге жуық қаражатқа емделді. Бұдан басқа, ауылдық стационарларда 150 млн теңгеден астам сомаға 1,2 мың жағдай жуық бала ем алды. 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша балаларға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге 25 жағдай бойынша шамамен 127 млн теңге бөлінді.

МӘМС жүйесі енгізілгені медициналық оңалту сынды маңызды бағыт қарқынды дамып келеді. Балалар көрсеткіштері бойынша оңалтуға тегін жіберіледі. Аталған кезеңде тәулік бойғы және күндізгі стационарлар жағдайында 70 мыңға жуық бала 12,6 млрд теңгеден астам қаражатқа емделді. Аталған кезеңде Солтүстік Қазақстан облысында

тәулік бойғы және күндізгі стационарлар жағдайында 1,2 мың жағдай жуық бала 145 млн теңгеден астам қаражатқа емделді.

Сондай-ақ аурулардың алдын алуға көп көңіл бөлінеді. Аталған кезеңде балаларды профилактикалық тексеруге шамамен 30 млрд теңге бағытталды. 9 айдың қорытындысы бойынша мектеп медицинасы қызметтері үшін 20 млрд теңге төленді. Аталған кезеңде Солтүстік Қазақстан облысында балаларды профилактикалық тексеруге шамамен 423 млн теңге бағытталды.

Балаларды амбулаториялық дәрі дәрмекпен қамтамасыз етуге 5 млрд теңге бөлінді.

МӘМС жүйесі халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін стоматологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік беретіні белгілі. Талдау көрсеткендей, МӘМС бойынша стоматологиялық көмектің негізгі тұтынушылары балалар болып табылады. 2022 жылдың 9 айында 25,1 млрд теңгеге 8,8 млн-ға жуық стоматологиялық қызмет көрсетілді.

Жалпы алғанда, 1 балаға арналған шығыстар 2021 жылғы 54,1 мың теңгеден 2022 жылы 65,8 мың теңгеге дейін ұлғайды.

Егер сізде медициналық қызмет көрсету бойынша сұрақтар туындаса, оларды өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау» қызметіне хабарласып, қоя аласыз. Егер ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы арқылы өтініш жібере аласыз: [fms.kz](http://fms.kz) ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, [Qoldau\\_24/7](http://Qoldau_24/7) мобильді қосымшасы және Telegram-дағы [SaqtandyryuBot](https://t.me/SaqtandyryuBot).

Дәл осы құралдар сақтандыру мәртебесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жүргізілген төлемдер туралы ҚР электрондық үкіметінің [egov.kz](http://egov.kz) сайтында, «Денсаулық сақтау» бөлімінде, «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-те аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы білуге болады.

Сонымен қатар, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына хабарласуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының мекенжайы: Абай көшесі, 57. Телефондар: 555165, 555164.

Лариса ГОРДЕЕВА – «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ филиалының директоры.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 381. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.